М.Т.Бердыходжин (1994) фосфорлық улану салдарынан орталық вегетативті иннервация үрдісіне негізделген, нервопатиялық және вегетативті-тамыр жүйесінің өзгерістері жүйке жүйесінде қызметтік өзгерістер тудыратындығын зерттеді. Адреналин, норадреналин, ацетилхолин және серотонин сияқты медиатрлардың өзгеруі салдарынан жеке симпатикалық және парасимпатикалық жүйелердің әсерлері өзгереді [68]. Келтірілген мәліметтер фосфорлық улану кезінде бауырға, бүйрек үстіне, өтке жоғары қысым түсіретіндігін көрсетеді [19-20].

С.А.Ибраев (1990), К.Е.Ергешбаев (1991) фосфор ағзаға әсер еткенде артериальды гипертензия жүректің ишемиальды ауруына негізгі фактор болатын миокардиодистрофия синдромы пайда болады деп болжайды. Уытты миокардиодистрофияның негізінде энергиямен қамтылудың дұрыс жүрмеуі, миофибриллаларда энергияның және иондардың, әсіресе, Ca^{2+} иондарының тасымалдануының бұзылуы жатады [21].

Зерттеу әдістері

Құрамына фосфогипс пен отын ретінде қосылған (3 % көмір майдасы, 8 % мұнай шламы және 8 % ағаш ұнтағы) гипс байланыстырғышы материалын алу мақсатында жалпы қабылданған арнайы және біздің жұмысымызда жасалған методикалық әдістер бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Шикізат құрамындағы жанғыш заттардың жану үрдісінің кинетикасын анықтау үшін, жұмыс лабораториялық термиялық қондырғыда жүргізілді. Ол лабораториялық түтікті пештен, дифференциалды термиялық өлшеу сымдарынан, кварц түтіктерінен, сандық милли-вольтметрден, микрокомпрессордан және пропан газы толтырылған баллоннан тұрады (2-сурет). Зерттелінетін нұсқаның құрамындағы көмірдің жану температурасы алдын-ала қыздырылған 700-1000 ºС температуралардағы ауасыз ортадағы прибор көрсеткішіне дейінгі, алдын-ала қыздырылмаған 20-1000 ºС температураларда және 700-1000 ºС-ғы алдын-ала қыздырылмаған температураларда бақыланды. Материалды агломерациялық күйдіру қондырғысына жіберер алдында, одан шихта дайындалып, дайындалған шихта тарелкалы грануляторда ірілендірілді. Лабораториялық тарелкалы гранулятордың диаметрі 1,2 м, еңкіштік бұрышы 50º, айналу жылдамдығы 10 айн/мин шамасында болды. Шихтаны 5-12 мм-ге дейін ірілендіру былай жүргізілді: вентилятормен жабдықталған кептіру шка-фында алдын-ала кептірілген көмір майдасы қосылып дайындалған шихтаны ылғалдап алған соң, ол гранулятор тарелкасына салынады да, компрессордағы сығылған ауаның көмегімен форсунка арқылы оған су бүркілді. Гранулятор тарелкасының айналуы арқасында шихта еңкіш тарелканың жоғары шеніне дейін көтеріледі де, қырғышқа соқтығылысып төмен домалауы арқылы олар бір-біріне жабысып іріленеді. Домалау барысында іріленген түйіршіктер шар формасына айналады. Егер түзіліп жатқан түйіршіктердің ылғалдылығы артық мөлшерде болса, онда грануляторға ұнтақ түрде құрғақ шихта беріледі.

Фосфор өндірісінің дамуы, бірқатар қолайсыздықтар туғызып отырды; гигиеналық еңбек шарттарының бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, медициналық санитарлық қызметтердің төмендеуі және т.б. жағдайлардың салдарынан, зауыт жұмысшыларында фосфор қосылыстарының (фосфор тотығы, фосфин, фосфор ангидраты) токсикалық әсерінен улануға ұшырап, кәсіби аурулары анықталып жатқандардың саны аз болған жоқ.

Фосфор өсімдіктер мен жануарлар ағзасында маңызды орын алады. Өсімдіктерде органикалық қосылыстар, орто және метафосфор қышқылы ретінде кездессе, ал жануарларда фосфордың жартысынан көбі, басымырақ апатит түрінде, сүйек құрамында, сондай-ақ, нуклеин қышқылының фосфолипидтері мен фосфопротеин түрінде, жұмсақ тіндерінде және ағза сұйықтықтарында кездеседі. Фосфор ағзада көмірсу, нуклеин қышқылы, ақуыз түзілуіне қатыса отырып, барлық зат алмасуда маңызды рөл атқарады. Фосфордың 5 аллотроптық модификациясы белгілі, оның ішіндегі ең маңыздысы ақ (сары) түрі. Сары фосфор ең белсенді және өте улы түрі (0,1 г дозасы өлімге әкеліп соқтырады). Фосфор ағзаға тыныс алу жолдары, ас қорыту жолдары және тері арқылы енеді. Фосфор ағзаға түскеннен соң органикалық заттармен әрекеттесіп, бос радикалдар түзеді (гидрооксильді, супероксид-анион) бұларды «фосфоротоксиндер» деп атайды. Өйткені, олар адам ағзасының клеткалық мембранасына токсикалық әсер етеді. Фосфор ағзаға енген соң қан айналымына түсіп, алдымен, асқорыту жүйесін, жүйке, эндокрин жүйесін зақымдап, сосын тыныс алу, несеп бөлу жүйесін, сүйек жүйесіне әсерін тигізіп, полиоргандық зақымдануға әкеліп соқтырады. Онда екі ай көлемінде улануда болған тышқандардың сүйегінде кальций, фосфор, магний, мыс, фтор деңгейі жоғарылап, темір деңгейі өзгермеген. Жоғарыда аталған авторлар, фосфор қосылыстарының әсері адам ағзасын полиорганды зақымдайтындығын және ұзақ ағымды меңдейтіндігін растайды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, фосфор қосылыстарымен байланыс үзгеннен кейінгі кезеңде, улану прогрессиялануы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Фосфор зауыттарында жұмыс істеген жұмысшыларда жеңіл улану белгілері болғанымен, 8-10 жылдан соң уланудың қалдық көрінісі пайда болған. Дегенмен, улану прогрессияланып, фосфор және оның қосылыстарымен байланысты үзген соң 18 жылдан кейін төменгі жақтың фосфорлық некрозы дамыған. 3 жылдан соң, фосформен байланысты үзгеннен кейін билирубин мен холестериннің жоғарылауы, бауыр симптомдары орын алған. Сонымен бірге, фосфор және оның қосылыстарының улы әсерін жануарларға жүргізілген

зерттеу жұмыстары одан әрі қарай дәлелдей түседі.

Бұл зерттеулердің нәтижелері өндіріс шаңының (фосфогипс құрамындағы кремний тотығы, фосфор тотығы, фтор және т.б.) улылық әсері жоғары болғандықтан, ағзаны пневмокониотикалық өзгеріске толық ұшыратындығын көрсетеді. Кейбір әдебиеттерде келтірілгендей, фосфор өндірісі қалдығы фосфогипс құрамындағы фосфогипс шаңы, фосфор тотығы, фторсутек және т.б. улы заттардың түзілуі мен бөліну қарқындылығы жұмыс белдеміндегі аурулар көрсеткішін бірден жоғарылататындығын көрсетеді. Нәтижесінде фосфор зауыттарында жұмыс істейтін жұмысшылар мен өндіріске жақын орналасқан елді мекен тұрғындарының арасында тыныс алу, жүйке жүйесі, тері, ас қорыту және қан аздық аурулары көрсеткіштері жоғары деңгейде. Мұны климаттық жағдайдың және қоршаған ортаның ластануының жоғарылауымен түсіндіруге болады.

Талдау нәтижелері. Химия өнеркәсіптері көп тонналы және улы заттардың ағынын шығара отырып, биосфераны ластаушы көздерінің біріне айналған. Қазіргі кезде химия өндірісінен түзілетін қалдықтардың мөлшері күннен-күнге артып келеді. Оларға бірінші кезекте органикалық еріткіштер, аминдер, альдегидтер, хлор және олардың туындылары, азот оксиді, циан қышқылы, фторидтер, фосфор және күкірт қосылыстары (күкірт диоксиді, күкіртсутегі, фосфор тотығы) металлорганикалық қосылыстар, фтор және сынап қосылыстары жатады. 1-ші кестеде өндіріс қалдықтарының ауаны ластайтын зиянды заттары берілген.

Қазақстанда өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу үрдісі әлі де толық дамымай келеді. Ал өндіріс орындарынан шығарылып жатқан қалдықтар газ, шаң түріндегі ластаушы заттар адам ағзасына тыныс алу, тамақтану кезінде және тері арқылы бірнеше жыл бойы біртіндеп әсер ете отырып, аллергенді, мутагенді және канцерогенді ауруға ұшыратады. Сонымен бірге, ауа бассейнінің бұзылуына, көбінесе, ЖЭО-ның отынының жануы кезінде (мазут, көмір) түрлі ауылшаруашылық және технологиялық автотранспорттардың жұмыс істеуі де өз әсерін тигізеді.

1-кесте. **Химия өндірісі қалдықтарының қоршаған ортаны ластаушы зиянды заттары**

Өндіріс	Атмосфераны ластайтын негізгі құрамбөліктер
Фосфор және фосфор қышқылы	P_2O_5, H_3PO_4, HF, фосфогипс шаңы
Карбамид	NH_3, CO, $(NH_2)_2$, CO (шаң)
Аммиакты селитра	NH_3, CO, HNO_3, NH_4NO_3 (шаң)
Суперфосфат	H_2SO_4, HF, суперфосфат шаңы
Аммиак	NH_3
Карбофос	SO_2, P_2O_5, H_2S, карбофос шаңы
Минералды пигмент	Fe_2O_3, $FeSO_4$, фосфогипс

Оңтүстік өңіріне қарасты Тараз қаласындағы «Минералды тыңайтқыштар» және «Жаңа Жамбыл фосфор зауыттары» қарқынды жұмыс атқаруда. Әдеби деректерге сүйенсек, Тараз қаласында атмосфера ауасына жылына орта есеппен зиянды заттар 168,3 мың т-ны, соның ішінде, қатты заттар – 41 мың т-дан жоғары, азот тотықтары – 13,9 мың т, фтор қосылыстары – 1,134 мың т-ны құрайды.


Фосфор өндірісінен түзілетін қалдықтар қоршаған орта үшін өте улы, әрі өртке қауіпті газ тәріздес, қатты және сұйық заттардан тұрады. Фосфор өндірісінің қалдығы болып табылатын фосфогипстің құрамында кремний тотығы, күкірт тотығы, фтор, кальций тотығы, фосфор тотығы және т.б. зиянды қосылыстар кездеседі (экстракция әдісіне, шикізатқа байланысты құрамы өзгеруі мүмкін).

Фосфор өндірісінің дамуы, бірқатар қолайсыздықтар туғызып отырды; гигиеналық еңбек шарттарының бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, медициналық санитарлық қызметтердің төмендеуі және т.б. жағдайлардың салдарынан, зауыт жұмысшыларында фосфор қосылыстарының (фосфор тотығы, фосфин, фосфор ангидраты) токсикалық әсерінен улануға ұшырап, кәсіби аурулары анықталып жатқандардың саны аз болған жоқ.

Фосфор өсімдіктер мен жануарлар ағзасында маңызды орын алады. Өсімдіктерде органикалық қосылыстар, орто және метафосфор қышқылы ретінде кездессе, ал жануарларда фосфордың жартысынан көбі, басымырақ апатит түрінде, сүйек құрамында, сондай-ақ, нуклеин қышқылының фосфолипидтері мен фосфопротеин түрінде, жұмсақ тіндерінде және ағза сұйықтықтарында кездеседі. Фосфор ағзада көмірсу, нуклеин қышқылы, ақуыз түзілуіне қатыса отырып, барлық зат алмасуда маңызды рөл атқарады.

Фосфордың 5 аллотроптық модификациясы белгілі, оның ішіндегі ең маңыздысы ақ (сары) түрі. Сары фосфор ең белсенді және өте улы түрі (0,1 г дозасы өлімге әкеліп соқтырады). Фосфор ағзаға тыныс алу жолдары, ас қорыту жолдары және тері арқылы енеді. Фосфор ағзаға түскеннен соң органикалық заттармен әрекеттесіп, бос радикалдар түзеді (гидрооксильді, супероксид-анион) бұларды «фосфоротоксиндер» деп атайды. Өйткені, олар адам ағзасының клеткалық мембранасына токсикалық әсер етеді. Фосфор ағзаға енген соң қан айналымына түсіп, алдымен, асқорыту жүйесін, жүйке, эндокрин жүйесін зақымдап, сосын тыныс алу, несеп бөлу жүйесін, сүйек жүйесіне әсерін тигізіп, полиоргандық зақымдануға әкеліп соқтырады. Сонымен қатар, В.А. Козловскийдің (1988 ж.) зерттеу жұмыстары бойынша фосформен улануда тыныс алу жүйесіндегі мұрын, жұтқыншақ, кеңірдектің созылмалы катаральді өзгерістерінің дамитындығын атап көрсетті. С.А.Ибраевтың (1983 ж.) пікірінше улану жағдайында жүрек-қан тамыр жүйесіндегі бұзылыстар мен гипертониялық типті нейроциркуляторлық дистонияның дамуы пайда болатындығын айтады. Онда екі ай көлемінде улануда болған тышқандардың сүйегінде кальций, фосфор, магний, мыс, фтор деңгейі жоғарылап, темір деңгейі өзгермеген. Жоғарыда аталған авторлар, фосфор қосылыстарының әсері адам ағзасын полиорганды зақымдайтындығын және ұзақ ағымды меңдейтіндігін растайды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, фосфор қосылыстарымен байланыс үзгеннен кейінгі кезеңде, улану прогрессияланууы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Фосфор зауыттарында жұмыс істеген жұмысшыларда жеңіл улану белгілері болғанымен, 8-10 жылдан соң уланудың қалдық көрінісі пайда болған. Дегенмен, улану прогрессияланып, фосфор және оның қосылыстарымен байланысты үзген соң 18 жылдан кейін төменгі жақтың фосфорлық некрозы дамыған. 3 жылдан соң, фосформен байланысты үзгеннен кейін билирубин мен холестериннің жоғарылауы, бауыр симптомдары орын алған. Сонымен бірге, фосфор және оның қосылыстарының улы әсерін жануарларға жүргізілген зерттеу жұмыстары одан әрі қарай дәлелдей түседі.

Бұл зерттеулердің нәтижелері өндіріс шаңының (фосфогипс құрамындағы кремний тотығы, фосфор тотығы, фтор және т.б.) улылық әсері жоғары болғандықтан, ағзаны пневмокониотикалық өзгеріске толық ұшыратындығын көрсетеді. Кейбір әдебиеттерде келтірілгендей, фосфор өндірісі қалдығы фосфогипс құрамындағы фосфогипс шаңы, фосфор тотығы, фторсутек және т.б. улы заттардың түзілуі мен бөліну қарқындылығы жұмыс белдеміндегі аурулар көрсеткішін бірден жоғарылататындығын көрсетеді. Нәтижесінде фосфор зауыттарында жұмыс істейтін жұмысшылар мен өндіріске жақын орналасқан елді мекен тұрғындарының арасында тыныс алу, жүйке жүйесі, тері, ас қорыту және қан аздық аурулары көрсеткіштері жоғары деңгейде. Соның ішіндегі тыныс алу аурулары: пневмония, бронхит, бронхитті астманың жоғары екен. Мұны климаттық жағдайдың және қоршаған ортаның ластануының жоғарылауымен түсіндіруге болады.



1 – Шайқорық елді мекеніндегі ересектер арасында кездесетін қан аздық ауруы; 2 – Ақбұлым елді мекеніндегі ересектер арасында кездесетін қан аздық ауруы.

1-сурет. Ересектер арасында кездесетін қан аздық ауруы

Төмендегі 1-ші суреттерде Тараз қаласындағы емханалардан алынған статистикалық мәліметтер бойынша ауруларға қатысты өңделген қисықтар тұрғызылған. Мұнда «Фосфор» өндірісіне жақын орналасқан «Шайқорық» елді мекені мен өндірістен қашық орналасқан «Ақбұлым» елді мекенінде тұратын адамдар арасында кездесетін аурулар салыстырмалы түрде көрсетілген. Есептеу нәтижесі ауру санының 100 000 тұрғын санының есебі бойынша көрсетілген. Суретте адамдар арасында кездесетін қан аздық, яғни темір жетіспеушілікпен ауыратын қала халқының 2001-2006 ж.ж. аралығындағы тәуелділік графигі тұрғызылған. Мұндаға 2001-2006 ж.ж. аралығындағы ауру көрсеткіші «Шайқорық» елді мекеніндегі адамдардың «Ақбұлым» елді мекеніне қарағанда жоғары деңгейде, қала халқы үшін қалыпты жағдайдағы қауіпсіз ауру көрсеткішіне тән емес мәнді көрсетеді.

Тіптен, 2011-2016 ж.ж. аралығындағы ересектерде, 14 жасқа дейінгі балалар арасында және 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында қан аздық ауру саны бірден көтерілген. Мұны жоғарыда айтқан фосфор өндірісінің климаттық жағдайды нашарлатуы негізінде жергілікті жердің метеорологиялық жағдайы және қоршаған ортаның ластануының жоғарылауымен түсіндіруге болады.

Тараз қаласына қарасты «Шайқорық» елді мекені мен «Ақбұлым» елді мекеніндегі аурулар санын салыстырмалы түрде көрсеткен статистикалық мәліметте көрсетілген мәндер абсолютті сан болғандықтан, статистикалық санақ жүйесі бойынша абсолютті ауру санын жүз мың тұрғынға көбейтіп, сол жылғы қалада немесе елді мекенде өмір сүретін халық санына бөлу арқылы, әр жылға ауырған адамдардың көрсеткішін тәуелділік графигі арқылы тұрғызуға болады.

Қорытынды. Қоршаған ортаның фосфор қосылыстарымен ластануына байланысты және желдің жиі соғатын оңтүстік-батыс бағытында, қалдық сақтау қоймасына жақын орналасқан Шайқорық елді мекені тұрғындарының тыныс алу, ас қорыту, қан аздық және тері аурулары ластану көздерінен қашықтағы Ақбұлым елдң мекенінде тұратын тұрғындармен салыстырғанда, аурулар саны 2-3 есе артатындығы байқалды. Фосфор өндірісі қалдықтарын зерттеу барысында ұсынылған технологияның қоршаған орта үшін қауіпсіздігі және оның қоршаған ортаны жақсартудағы рөлі қарастырыла отырып, өндірістен шығарылатын зиянды заттардың атмосфералық ауадағы таралуы кезінде селитебті зонаға дейін ШРК мәнінен төмен концентрация мәні анықталды. Фосфогипс қалдығын сақтау қоймасы орналасқан ауданының экология-лық карта-схемасы жасалып, ондағы зиянды заттардың санитарлық нормаға сай шекаралары анықталды. Тараз қаласындағы «Минералды тыңайтқыштар» зауытынан шығарылатын фосфогипстің құрамындағы зиянды заттардың атмосфералық ауадағы сапалық көрсеткішін анықтай отырып, аталмыш өндіріс орындарына жақын орналасқан аудандардың экологиялық қауіпсіздік коэффициенті анықталды. Талдауға негізделген экологиялық индикатор мәні 0,3 – апатты жағдайдағы көрсеткіш мәнін, яғни қоршаған ортаның қауіпті жағдайда тұрғандығын дәлелденді. Фосфогипс қалдығының атмосфера ауасындағы максимал концентрациясының шектік рауалы мөлшерге дейін сейілу шекарасын экологиялық карта-схемада белгілеуді негіздеу және ол қалдықты қабатты күйдіру арқылы экологиялық қауіптілік коэффициенті β=0,3-тен қоршаған ортаға қауіпсіз болып табылатын β=1-2 экологиялық қауіпсіз деңгейге қол жеткізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. – Алматы, 2007.

[2] –138 б.

[3] Дарибаев Ж.Е. Разработка технологии получения аглопорита с возгонкой цветных металлов // Вестник КазГУ. –1996. – №5-6. – С. 73-75.

[4] Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2005-2014 годы. – Астана, 2005. – С. 25.

[5] Самакова А.Б. Проблемы отходов производства и потребления и пути их решения. / Доклад Министра ООС РК на парламентских слушаниях по вопросам отходов производства и потребления. – Астана, 2005. – С. 25.

[6] Ақбасова А.Ж., Жамалбеков Е.Y. Экологиялық энциклопедия. – Алматы, 2007. –252 б.

[7] Bostanova A. and oth. Bioecological studies identifying the reasons of occurrence of fungi species that infect the seeds of leguminous crops in South Kazakhstan Fresenius Environmental Bulletin Volume 27 ± No. 8/2018 pages 5301-5305

[8] Kurbanyazov S. and oth. A comprehensive study of various loam properties of Besarik field to obtain ecofriendly building materials Fresenius Environmental Bulletin Volume 27 ± No. 9/2018 pages 5858-5863

[9] Воробьев О.Г., Балабеков О.С., Молдабеков Ш.М. Экологические проблемы химического предприятия. –Алматы: Казахстан, 1984. – С.172.

[10] Молдабеков Ш.М. Очистка фосфор, фтор и серосодержащих газов производства фосфора и его соединения: дисс. докт.техн. наук:. –М.: –1984. – С.437.

[11] Юнусов У.И., Абдрахманова А.А. Экологическое состояние юга респеспублики Казахстан и пути его оздоровления. // Наука и образование Южного Казахстана. –1996. –№2. – С. 248-256.

[12] Бишимбаев В.К., Тлебаев М.Б. Разработка экологизированный системы водоснабжения и водоотведения производства фосфора. // Гидрометеорология и экология. –1999. –№2. – С. 122-127.

[13] Тлебаев М.Б., Бишимбаев В.К. Принципы построения эколого-экономической системы развития фосфора. // Поиск. – 1999. №2. – С. 121-126

[14] Нуркеев С.С. Проблемы и перспективы создания кадастра твердых промышленных отходов Казахстана. // Материалы IV Междунар.науч.-техн. конф. –Алматы, 2000. – С. 13-17.

[15] Тилегенов И.С. Обоснование и разработка способов и средств предотвращения техногенных выбросов в окружающую среду: автореф...докт.техн.наук: –Тараз, 2003. – С. 50

[16] Жалгасулы Н. Эколого-технологические основы повышения эффективности разработки полезных ископаемых: автореф....докт.техн.наук: –Тараз, 2001. – С. 44

[17] Горблянский Ю.Ю. Состояние бронхолегочной системы у рабочих фосфорного производства: автореф... канд.мед.наук. – Алма-Ата, 1989. – С. 24.

[18] Белоскурская Г.И., Крылов Ю.В. Клиника поражений желудочно-кишечного тракта при хронической интоксикации фосфора. // Здравоохранение Казахстана . –1979. –№9. – С. 48-50

[19] Садыков У.С. Влияние желтого фосфора на морфофункциональное состояние толстой кишки.: автореф... канд.мед.наук: – Алма-Ата, 1994. – С.24.

[20] Зельцер М.Е., Косенко Т.Ф. Состояние эндокринной системы при хронической фосфорной интоксикации. // В сб. науч.тр. Патогенез, клиника, диагностика, лечение и профилактика хрон. Фосфорной интоксикации. –Шымкент, 1988. – С. 47-48.

[21] Кулкыбаев Г.А. Общие механизмы токсического действия промышленных ядов в зависимости от характера питания. // сб.науч. тр. Региональные проблемы питания. –Алматы, 1992. – С. 86

[22] Ибраев С.А. Морфологические механизмы повреждения миокарда при хронической фосфорной интоксикации. // Здравоохранение Казахстана. – 1990. –№12. – С. 13-15

Турметова Г., Сейтметова А.

Оценка влияния отходов фосфорита на окружающую среду и здоровье человека

Резюме. Содержание фосфорных отходов из фосфорного производства, расположенных в Южно-Казахстанской области, составляет около 120 т, что превышает норму. Хранение его на открытом складе является актуальной проблемой с экологической и экономической точки зрения. Фосфор занимает важное место в организме растений и животных. В растениях встречаются органические соединения, орто - и метафосфорная кислота, а у животных более половины фосфора встречаются в виде преимущественно апатита, костей, а также в виде фосфолипидов нуклеиновой кислоты и фосфопротеина, в мягких тканях и жидкостях организма. В ходе исследования отходов фосфорного производства установлено значение концентрации ниже значения ПДК до селитебной зоны при распределении вредных веществ в атмосферном воздухе, с рассмотрением роли предлагаемой технологии для окружающей среды и улучшения состояния окружающей среды.

Ключевые слова: фосфорит, отходы, окружающая среда, загрязнение, вредное вещество, организм.

UDC 54.052

[1]B. Bayahmetova, [1]A. Sabitova, [2]A. Baiken
([1]Shakarim State University of Semey, Semey
[2] S.Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar
alfa-1983@mail.ru)

HUMINE SUBSTANCES OF DARK AND LIGHT CHESTNUT SOIL

Abstract: Was allocated to mineral part of soil samples from ecological areas of dark chestnut soil of Borodulikha district and light chestnut soil Ayaguz district of East Kazakhstan region, the fraction of oxides and hydroxides in the mineral composition of the films by extraction of the organic substances of the soil and on the study of the fractional composition, the determination of the viscosity by viscometer of Ostwald.

Keywords: soil, humic acid, alkaline reagent, spectroscopy, qualitative composition.

Chestnut desert-steppe soils are formed in arid and extracontinental conditions of dry and desert steppes. The soil-forming rocks here are yellow-brown, often skeletal carbonate loams. There are variegated

colored tertiary saline deposits, mainly clay, which have a great influence on the development of the complexity of the soil cover. Chestnuts oil sare for medunder the vegetation of dry steppes in arid climate. Humus horizon of dark chestnut or light chestnut color with brownish tinge, lumpy or lumpy-silty structure stands out in the profile of virgin chestnut soils under a layer of mild turf [1].

Currently, chestnut soils are divided into three subtypes: dark chestnut, chestnut, and light chestnut, based on differences in the salt profile, humus content and composition. Dark chestnut soils contain 2-3% humus.Within the subtypes, the chestnut soils are subdivided intofollowing genus: ordinary, saline, saline-solonchak, residual solonets, solonets-solodilized, carbonate, carbonate-solonets, low boiling (deep boiling),and incompletely developed (on dense rocks). Dark chestnut soils have a dark gray color with a brownish tint, and lumpy, lumpy-granular structure of the humus horizon in virgin lands, silty-lumpy in arable land. The thick ness of the humus layer 35-45cm, boiling at adepth of 45-50 cm, gypsumand soluble salts - about 2 m. Unlikedarkchestnutsoils, chestnutsoilshavelesshumuslayerthickness, whichequalto 30-40cm. Light chestnut soils are distinguished by a small thickness of the humus layer - 25-35 cm and it is unstructured [2-3].

In this paper, the objects of study are soil samples from ecologically clean areas: dark chestnut soil of the Borodulikha region and light chestnut soil of the Ayaguz region of the East Kazakhstan.

The following work was carried out: extraction of the mineral part from the soil, fraction of oxides and hydroxides in the composition of mineral films, extraction of soil organic matter and the study of the fractional composition, determination of viscosity on Ostwald's viscometer.

According to the results of the research, the organic part of the dark chestnut soil consists of particular fractions that can be individually separated at certain isoelectric points. At the same time, the studied soil forms 7 well-separated fractions, the isoelectric points of which correspond to the following pH values: 7,0; 6,0; 4,0; 3,0; 2,0; 1,0 and <1,0. pH = 5 is not considered due to negligible release of humic acids in a separate fraction. The organic part of light chestnut soil is represented by fractions with isoelectric points corresponding to the following pH values: 7,06,0; 5,0; 4,0; 3,0; 2,0; 1,0 и<1,0 (Table1).

Table 1. **The total content (%) of humic and hematomelanic acids inselected fractions of darkand light chestnuts oil**

Organic part	Fractions							
	pH 7,0	pH 6,0	pH 5,0	pH 4,0	pH 3,0	pH 2,0	pH 1,0	pH<1
Light chestnut soil	0,015	0,009	0,008	0,009	0,008	0,01	0,01	0,011
Dark chestnut soil	0,058	0,032	-	0,018	0,011	0,023	0,046	0,070

The total content (%) of humic and hematomelanic acids of the isolated fractions confirms that dark chestnut soils are more enriched with organic matter than light chestnut soils.

The proportion of each fraction in the composition of organic matter is different(Table 2). The organic matter of darkchestnut soil mainly consists of fractions with a pH of 7,0; 1,0; <1; and light chestnut soil consists of fractions with a pH of 7,0; <1.

Table 2. **The proportion (%) of organic fractions of the total content of organic matter**

Organic matter	Fractions							
	pH 7,0	pH 6,0	pH 5,0	pH 4,0	pH 3,0	pH 2,0	pH 1,0	pH<1
Light chestnut soil	19,15	1,58	10,47	11,28	9,66	13,29	14,27	20,17
Dark chestnut soil	22,58	12,53	-	6,85	4,39	8,92	17,70	27,00

Spectrophotometric data indicates that the composition of the dark chestnuts oils heterogeneous (Fig. 1). Individual fractions have homogeneous groups, according to the presence of coincident absorption maxima in the spectra. Thus, it can be selected a sufficiently large number of matchesin maxima of fractions with isoelectric points at pH 7.0; 4.0; 3.0; also group of fractions with pH 2.0; 1.0.




Figure 1. Spectral curves of organic fractions of dark chestnut soil

Spectrophotometric curves were obtained for each fraction of light chestnut soil (Fig. 2). The spectrophotometric study showed that all the selected fractions differ in their qualitative composition, and many of them have a common set of functional groups.A significant number of coincidences in maxima is observed in the following fractions with isoelectric points at a pH of 6.0; 4.0; 3.0 and 1.0; <1.




Figure 2. Spectral curves of organic fractions of light chestnut soil

The heterogeneity of the chemical composition of individual fractions is confirmed by the data obtained in determining the relative viscosity (Table 3).

Table 3. **Relative viscosity of fulvic-humic acid fractions**

Organic matter	Fractions							
	pH 7,0	pH 6,0	pH 5,0	pH 4,0	pH 3,0	pH 2,0	pH 1,0	pH<1
Light chestnut soil	1,33	1,30	1,40	1,49	1,47	1,42	1,41	1,43
Dark chestnut soil	1,43	1,33	-	1,27	1,28	1,32	1,08	1,41

The results of the studies showed that dark chestnut soils contain a greater amount of humic and hematomelanic substances compared with light chestnut soils. Thus, dark chestnut soils have high sorption properties, which makes it possible to use them for the sorption of heavy metals from the soil.

REFERENCES

[1] Dobrovolskii, V.V. Rol guminovykh kislot v formirovanii migracionnykh massopotokov tiazholykh metallov// Pochvovedenie. - – 2004. – №1. – S. 32-39.

[2] Ladonin, D.V. Vzaimodeistvie guminovykh kislot s tiazholymi metallami// Pochvovedenie– 1997. – №7. – C.8-11.

[3] Ladonin, D.V. Vzaimodeistvie guminovykh kislot s tiazholymi metallami// Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii// Semipalatinsk. – 2002. T.1. S. 806-811

Баяхметова Б.Б, Сабитова А.Н., Байкен А.

Қоңыр және ашық каштан топырақтарының гуминдік заттары

Түйіндеме. Экологиялық таза аудандар топырақ үлгілерінен – Бородулиха ауданының қара-каштан топырағы және Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Ашық каштан топырағынан минералды бөліктері бөлінді, құрамында минералды пленкалар бар оксидтер мен гидроксидтер фракциялары, топырақтың органикалық заттарын экстракциялау және фракциялық құрамын, Оствальд вискозиметрінде тұтқырлықты анықтау бойынша зерттеу жүргізілді.

Түйін сөздер: топырақ, гумин қышқылы, сілтілік реагент, спектроскопия, сапалық құрам.Баяхметова Б.Б,

Сабитова А.Н., Байкен А.

Гуминовые вещества темно- и светлокаштановой почвы

Резюме. Были выделены минеральной части из почвенных образцов из экологически чистых районов – темно-каштановая почва Бородулихинского района и светло-каштановая почва Аягузского района Восточно-Казахстанской области, фракции оксидов и гидроксидов в составе минеральных пленок, по экстракции органических веществ почвы и по исследованию фракционного состава, по определению вязкости на вискозиметре Оствальда.

Ключевые слова: почва, гуминовая кислота, щелочной реагент, спектроскопия, качественный состав.

ӘӨЖ: 502.521

G.B. Tanabekova, A.E. Orazbayev, M.N. Zhamalkhan, A.D. Zhigitbekova, Ye.A. Kirshibayev.
(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan,
E-mail: tanabekova.guli@gmail.com)

THE ECOLOGICAL STATUS OF GROUNDWATER IN THE ALMATY REGION.

Abstract. The most important environmental problem today is the increase in the level of air pollution in the city, which negatively affects the health of the population due to the increase from year to year of stationary, mobile sources of air pollution. The main ingredients of air pollution are dust, sulfur dioxide, carbon monoxide, nitrogen dioxide and formaldehyde. The article presents a comprehensive analysis of the current environmental state of the impact of emissions of heat and power complex of Almaty, the main sources and factors of air pollution. The results of the research revealed emissions of pollutants from stationary sources that affect the atmosphere.

Key words: groundwater, pollution, water quality, water supply, drinking water.

Г.Б. Танабекова, А.Е. Оразбаев, М.Н. Жамалхан, А.Д. Жигитбекова, Е.А. Кіршібаев
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы,
Қазақстан Республикасы. E-mail: tanabekova.guli@gmail.com)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Алматы облысының жер асты суларына қаланың өнеркәсіп орындары қауіп тудырады, олар ГЭС-1, Бірінші май мұнай базасы, сүзу алаңдары, ағынды суларды жинақтағыштар мен тұндырғыштар, Ават және Алматы құс шаруашылықтарының алқаптары. Жер асты суларының ластану көздерінің көпшілігі ауыр металдар, фенолдар, нитраттар, фтор, бром, мұнай өнімдері, солтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған.

Түйін сөздер: жер асты сулары, ластану, судың сапасы, жер асты суларының қоры, су жинақтағыш, сумен қамтамасыз ету, шаруашылық-ауыз су.

Халық шаруашылығында пайдалануға жарамды жерасты сулары өзіндік ерекшеліктері бар пайдалы қазындылар болып табылады.

Бұл ерекшеліктердің ең бастысы тек олардың қалпына келуі мен таусылуы ғана емес, сонымен қатар су алумен байланысты қарқынды қоректену де болып табылады. Мысалы, гидравликалық байланыстағы жерасты суларын пайдалану кезінде жерүсті суқоймалары арылу облысынан қоректену облысына айналуы мүмкін. Қорлардың қалпына келтірілуінің басқа да жағдайлары болуы мүмкін, олар төменде қарастырылады. Жерасты суларының тағы бір маңызды ерешелігінің бірі олардың қозғалмалылығы және олардың қоршаған ортамен тығыз байланысы, бұл ерекшелік қабаттың шекаралық жағдайында суды пайдалану кезінде байқалады. Осы факторлардың барлығы пайдалану жағдайына және пайдалану кезінде жерасты сулары сапасының өзгеруіне де әсер етеді [1-3].

Алматы облысының табиғи-геологиялық жағдайлары, таулы аймақтары мен күшті тауаралық ойпаттары, ірі және кішігірім өзен алқаптары оның аумағында жаңа жер асты суларының маңызды қорларын қалыптастыруға ықпал етті [4]. Облыстың барлығына дерлік аумағы Жоңғар-Тянь-Шань аймағының бір бөлігі болып табылатын Жоңғар-Балқаш гидрогеологиялық аймағында орналасқан.

Мұнда артезиан бассейндері (Оңтүстік Балқаш, Алакөл, Қопа-Іле, майда тау аралық ойпаттардың қойнауқаттық бассейндері) және жарықшақ сулардың бассейндері (Жоңғар, Күнгей-Алатау) ағады. Тек Алматы облысының солтүстік-шығыс бөлігі Солтүстік Балқаш бассейнінің жарықшақ суларының құрамына кіреді [5]. Жер асты суларының негізгі қорлары артезиан бассейндерінде кездесетін төрттік, неоген, палеоген, борлы шөгінділердің су тұтқыштарымен шектеледі. Олар халықтың ауыз сумен, әсіресе ірі су пайдаланушыларды сумен жабдықтауда маңызды рөл атқарады. Жарықшақ сулардың бассейндері жер асты суларының әлсіз қорларымен ерекшеленеді, сол уақытта олардың аймақтағы кең таралуы оларды сумен қамтамасыз ету үшін кішігірім су пайдаланушылардың үлкен қызығушылығын тудырады. Жер асты суларының 10 г/л дейін минералданған болжанған ресурсы 49 845 мың. $м^3$/тәулік, сонымен қатар 1 г/л минералданған – 39 124; 1–3 г/л – 8413; 3–10 г/л – 2308. Сәйкесінше, жалпы болжанған ресурстардың 78 % тұщы жер асты суына тиесілі. Алматы облысының болжанған ресурс модулі көп, 10 г/л минералданған 1 $км^2$-қа 2,58 г/л, ал 1 г/л минералданған 1 $км^2$ – 2,02 г/л құрайды. Болжанған тұщы жер асты су ресурстары бір адамға тәулігіне 14,56 $м^3$ болып табылады [6].

Алматы облысының жер асты суларының ластануы

Жер үсті суларынан басқа жер асты сулары үнемі ластанады, мысалы ең алдымен ірі өнеркәсіптік орталықтарда. Жер асты суларының ластану көздері өте әртүрлі.

Ластауыш заттар жер асты суларына әртүрлі тәсілдермен енуі мүмкін: атмосфералық жауын-шашынның табиғи инфильтрациялауымен немесе өзен суларымен, ұңғымалар арқылы мәжбүрлеп төгу және сұйық ластағыштармен (мұнай құбыры авария болған жағдайда, ағынды сулардан және басқа да «кездейсоқ емес» жазатайым оқиғалардан) ағып кетуі мүмкін.

Жер асты суларының ластануының табиғи көздеріне конденсацияланбаған табиғи сулар жатады (теңіздер мен жер үсті ағыстарының тұзды сулары, жоғары мөлшерде хлоридтер, сульфаттар, темір, фтор, сутегі сульфиді, тұздар және т.б. бар жерасты сулары).

Жерасты суларының аумақты дамыту ауқымына сәйкес жергілікті және аймақтық ластану деп бөлінеді. Біріншісі сулы горизонттағы салыстырмалы түрде кішігірім аудандарды қозғайтын бөлек (нүктелік) көздерден туындайды; уақтылы шаралар, жергілікті ластанудың қолайсыз салдарлары шектеулі болуы мүмкін және кейбір жағдайларда толықтай жойылады.

Аймақтық (аймақ) ластану олардың аумақтарының сипатын анықтайтын көптеген көздерден туындайды; мұндай ластануды жою өте қиын және кейбір жағдайларда іс жүзінде мүмкін емес.

Мұнда жер асты суларының ластануы әдетте өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағы, қалдықтарды сақтау құралдары және т.б. шектелмеген, бірақ жер асты суларының 20-30 километрге дейінгі және одан да көп ағындары бойымен таралады. Бұл ауыз сумен қамтамасыз ету үшін нақты қауіп тудырады.

Негізінен, зерттеушілер жерасты суларының келесі негізгі ластағыштарды анықтайды: өнеркәсіптік; ауыл шаруашылық; коммуналдық және тұрмыстық; теңіз және тұзды суды енгізу арқылы және ядролық жарылыстардың нәтижесінде.

Жер асты суларының ластануының әлеуетті көздері ретінде жер асты суларының шегінде немесе тұрмыстық және ауыз су мақсаттарында немесе олардың әсер ету аймағында орналасқан техногендік көздер қарастырылады. Сонымен бірге жер асты суларының ластануы анықталмады немесе осы көздердің әсер ету аймағында жерасты суларының мемлекеттік мониторингінің байқау желісі жоқ. Жер асты суларының ластану көздері әдетте техногенез объектілері болып табылады, олардың жанында жер асты суларының учаскелерінде тұрмыстық және ауыз су үшін немесе олардың

әсер ету аймағында таратылатын өнімді немесе іргелес су қоймаларындағы жер асты суларындағы нормаланған компоненттердің артуы анықталды [7,8].

Табиғаттың қалыпты құрамдас бөліктері, мысалы, темір, марганец, фтор, жер асты суларының ластану дәрежесі техногендік шығудың стандартталған құрамдас бөліктерімен анықталады, бұл жер асты суларының табиғи компоненттермен ластану дәрежесін көрсетеді.

Жер асты суларының жай-күйінің параметрлерінің бірі - суды алу. Жергілікті және ауыз су мақсаттарында пайдаланылған жер асты суларының бұл құны 1999-2000 жылдардағы жер асты суларының мемлекеттік мониторингінің ақпараттық жүйесінің «Бухгалтерия» шағын жүйесінің деректері бойынша берілген.

Алматы облысында шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету жер асты суларының 32 кен орны, жерді суландыру және шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 6, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және техникалық қажеттіліктерге - 3 кен орны барланған. Белгіленген топтар үшін жер асты суларының пайдалану қорлары 1547,1; 4602; 1606,6 мың $м^3$ / тәул. Барлығы тәулігіне 7755,7 мың $м^3$.

Бұдан басқа, аймақта жерді суландыруға арналған, қоры тәулігіне 9273,6 мың $м^3$ құрайтын жер асты суларының 12 ірі кен орны барланған. Олар негізгі мақсаттардан басқа, елді мекендердің, бригадалардың, шаруашылықтардың және жұмысшылардың ГКЗ хаттамаларында көрсетілмеген суармалы қондырғыларға қызмет көрсететін персоналдың шаруашылық және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қолданылады. Барлығы 32 кен орнында шаруашылық ауыз сумен жабдықтауға тәулігіне 4066,9 мың $м^3$ бекітілді.

Өзен аңғарларында 9 жер асты суларының шөгінділері табылды, ал өзеннің ысырынды конустарында және тауаралық ағын суларында - 16, артезиан бассейндерінде - 5, жарықшақ шөгінділерінде - 2 кен орны барланған. Облыста ең үлкен кен орындары (тәулігіне 100 мың текше метрден астам қоры бар) Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауының тау бөктеріндегі аудандарында орналасқан, мұнда жер асты суларының қалыптасуы үшін табиғи жағдайлар өте қолайлы.

Жалпы алғанда, аймақта жер асты суларының елеулі қоры бар. Жер асты суларының ластайтын басты көздер ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың, тау-кен өндіру кәсіпорындарының, мал шаруашылығы кешендерінің және суармалы жер массивтерімен ұштастырылған. Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі Алматы индустриалды аймақ болғандықтан геологиялық ортаға ең қарқынды технологиялық әсер етеді, себебі Алматыда (шамамен 1,5 млн адам) көптеген өнеркәсіптіктер, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар, күл қоқыстар, ағынды суларды жинақтағыштар, сүзу алаңдары және басқа да әсер етуші орталар бар.

Ластанудың әлеуетті көздері басқа қалалар Талдықорған, Жаркент, Үштөбе, Талғар, Қаскелең, Қапшағай, облыстың аудан орталықтарында, басқа елді мекендерде, тау-кен өндіретін өндіріс орталықтар Текелі, Көксу, Тұйық, Арқарлы және басқа да қалаларда кездесуі мүмкін. Оларда көптеген мал шаруашылығы кешені, құс фабрикалары, фермалар мен кеңселер және басқа да ауыл шаруашылығы нысандары бар. Суармалы жерлердің массивтерінде қолданылатын тыңайтқыштар мен пестицидтерден ластану қаупі тұрақты.

Жалпы жер асты суларының тоғыз кен орнының ластануы анықталған, оның ішінде алтауы – ырысынды конустарда, біреуі - өзен аңғарында, біреуі - артезиан бассейнінде (кесте 1).

Жер асты суларының Алматы кен орнында (729) қаланың өнеркәсіп орындары қауіп тудырады, олар ГЭС-1, Бірінші май мұнай базасы, сүзу алаңдары, ағынды суларды жинақтағыштар мен тұндырғыштар, Ават және Алматы құс шаруашылықтарының алқаптары. Жер асты суларының ластану көздерінің көпшілігі ауыр металдар, фенолдар, нитраттар, фтор, бром, мұнай өнімдері, солтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған.

Кейбір аймақтарда кадмий мөлшері 0,01 мг / л (10 ШРК-дан көп), марганец - 0,7-1,4 мг / л (7-14 ШРК), сынап - 0,0005-0,001 мг / л (1- 2 ШРК), фенолдар - 1,5 мг / л (6 ШРК), мұнай өнімдері - 0,3-0,5 мг / л (3-5 ШРК), нитраттар - 171 мг / л дейін (3,8 ШРК) бром - 0,4-1,0 мг / л (2-5 ШРК). Жер асты суларының үстіңгі сулы қабаттарында ластану дәрежесі қауіпті, төменгі жол берілуі мүмкін. Іле артезиан бассейнінің солтүстік-батыс бөлігіндегі су алатын және бақылайтын құбырларда Покровка (744), Боралдай (732), Қараой (738) және Николай (743) жер асты суларының құрамында фтормен ластану дәрежесі 12 мг / l (8 ШРК), оны пайдалану барысында жасанды түрде азайту шараларын жасау қажет. Бұл кен орындарындағы жер асты суларының ластану деңгейі *рұқсат етілген*, фтор бойынша *қауіпті*.

1-кесте. **Алматы облысының жер асты суларының кен орындарының ластануы**

№	Кадастр бойынша пайдаланылатын мақсаты	Қорлары бекітілген кен орындары	Ластану деңгейі	Қауіптілігі 1 класқа жататын заттар	Қауіптілігі 2 класты заттар		Қауіптілігі 3-4 класты заттар				
					Металдар	Басқа бейорганикалық заттар	Металдар	Басқа бейорганикалық заттар	Нитраттар (Нра)	Фенолдар (Фе), мұнай өнімдері (Мө)	Минералдану (М), қаттылық (К)
1	729 шақ, атқ	Алматы	3	Hg	Cd	Br	Mn		Нра	Фе, Мө	
2	738 шақ, жс	Қараой	2			F			Нра		
3	739 шақ	Қаскелең	2				Mn		Нра	Фе, Мө	
4	747 шақ, жс	Ұзынағаш	2						Нра	Мө	
5	779 шақ	Сарыөзек	3		Pb			Cl^{-1}, SO_4^{-2}			М
6	780 шақ, атқ	Талдықорған	3		Pb				Нра	Мө	
7	782 шақ	Үштөбе	2				Mn		Нра	Пе	
8	783 жс	Хоргос	2				Mn		Нра	Фе, Мө	
9	786 жс	Шілікті	2						Нра	Фе, Мө	

Жер асты суларының ластану орындары сүзу алаңдары болып табылады:

Қапшағай, Қаскелең, Талғар қалалары: *Николай (743),* кен орындарындағы жер асты суларының ластану деңгейі *рұқсат етілген; Қаскелең (739),* марганец 0,22-0,36 мг/л (2,-3,6 ШРК), нитраттар 66-85 мг/л (1,5-1,9 ШРК), фенолдар 0,3-0,4 мг/л (1,2-1,6 ШРК), мұнай өнімдері 0,25-0,33 мг/л (2,5-3,3 ШРК), ластану деңгейі *орташа қауіпті; Талғар (745),* ластану деңгейі *рұқсат етілген;*

қ.т.а. Фабричный, Шамалған, Ұзынағаш: *Ұзынағаш (747),* нитраттар 45-75 мг/л (1-1,7 ПДК), мұнай өнімдері 0,3-0,5 мг/л (3-5 ШРК), ластану деңгейі *орташа қауіпті,*

қ.т.а. Шелек: *Шелек (748),* ластану деңгейі *рұқсат етілген;*

қ.т.а. Шонжы: *Қарадала (737),* ластану деңгейі *рұқсат етілген;*

қ.т.а. Маловодный, Түрген, Қаракемір, Мирный, Алексеевка, Ават: *Есік-Түрген (736) және Талғар (745),* ластану деңгейі *рұқсат етілген;*

қ.т.а. Энергетикалық: *Покровка (744),* ластану деңгейі *рұқсат етілген,*

қ.т.а. Таран: *Ақсеңгір (726),* ластану деңгейі *рұқсат етілген.*

Талдықорған (780) кен орны Талдықорған қаласының аймағындағы жер асты суларындағы құбырларда қорғасын құрамы 0,07-0,17 мг/л (2,3-3,3 ШРК) жетеді. Орталық су алу құбырларындағы жер асты суларында нитрат құрамы өсіп келе жатыр. Грунтты сулардағы мұнай өнімдерінің құрамы 0,1-ден 1,5 мг/л (1-15 ШРК) аралығында болады. Соңғы 10 жылда 3-15 есе жоғарылады. Жер асты суларының ластану көздері Талдықорған қаласының сүзу алаңдары. Су алу аймағында жер асты суларының ластану деңгейі *қауіпті.*

Хоргос (783) кен орнында Жаркент қаласына жақын және Жоңғар Алатау маңындағы елді мекендерде нитраттардың мөлшері 4,5 – 9 (0,1-0,2 ШРК) бастап 45-90 мг/л (1-2 ШРК) аралығында өсті. Су алу аймағында жер асты суларының ластану деңгейі *орташа қауіпті.* Жер асты суларының ластану көздері Жаркент қаласының сүзу алаңдары.

Көксу және Текелі кеніштерінде шоғырланған фабрикаларының кен орындарының жерасты сулары Үштөбе (782), Сарқанд ірімшік зауыты: Ақсу (760), Қапал май зауыты: Қапал (768), Талдықорған және Киров қант зауыттары: Талдықорған (780), Раздельнский: Қоғалы (774).

Жер асты суларының ластану дәрежесі:

Сарыөзек (779) кен орнында - 1,7 г / л минералдану, 750-800 мг / л сульфаттың мөлшері (1,5-1,6 ШРК), хлорид 400-550 мг / л (1,1-1,6 ШРК), қорғасын 0,17-0,22 (5,7-7,3 ШРК) *қауіпті.*

Алматы облысының жер асты суларының экологиялық жағдайын бағалау нәтижесінде келесі қорытындыға келеміз, жер асты суларының ластайтын басты көздер ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың, тау-кен өндіру кәсіпорындарының, мал шаруашылығы кешендерінің және суармалы жер массивтерімен ұштастырылған.

Алматы облысының жер асты суларына қаланың өнеркәсіп орындары қауіп тудырады, олар ГЭС-1, Бірінші май мұнай базасы, сүзу алаңдары, ағынды суларды жинақтағыштар мен

тұндырғыштар, Ават және Алматы құс шаруашылықтарының алқаптары. Жер асты суларының ластану көздерінің көпшілігі ауыр металдар, фенолдар, нитраттар, фтор, бром, мұнай өнімдері, солтүстік-батыс бөлігінде шоғырланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Андрусевич В.И., Айтуаров Т.К., Боревский Б.В. и др. Методические рекомендации по поискам, разведке и оценке эксплуатационных запасов трещинных вод в Казахстане. Алма-Ата: КазИМС, 1992. 134 с.

[2] Ахмедсафин У.М., Сыдыков Ж.С. и др. Влияние подземного водного и гидрохимического стока в бассейне Арала и водно-солевого притока в Аральское море // Природные ресурсы современного Приаралья. Алма-Ата, 1981. С. 3-26.

[3] Ахмедсафин У.М., Джабасов М.Х., Курмангалиев Р.М. и др. Региональные ресурсы подземных вод Казахстана. Алма-Ата,: Наука, 1983 176 с.

[4] Фролов Н.М. Основы гидрогеотермии. М.: Недра, 1991. 335 с.

[5] Черняев А.М., Прохорова Н.Б. и др. Бассейн-II.Стратегия управления устойчивым водопользованием. Екатеринбург: Изд-во Виктор, 1997. 236 с.

[6] Чигаркин А.В. Геоэкология Казахстана. Алматы: Изд-во Санат, 1995. 172 с.

[7] Тонкопий М.С. Экономическая оценка водных ресурсов и ущербов от загрязнения воздушной среды. Алматы: Экономика, 1999. 219 с.

[8] Смоляр В.А., Калмыкова Н.В., Буров Б.В. и др. Состояние подземных вод Республики Казахстан (режим, ресурсы, качество, использование). Алматы: МПР и ООС, 1997: 208 с.

Танабекова Г.Б., Оразбаев А.Е., Жамалхан М.Н., Жигитбекова А.Д., Киршибаев Е.А.

Экологическое состояния подземных вод Алматинский области.

Резюме. На подземные воды Алматинской области опасно влияют промышленные объекты города, к которым относятся ГЭС-1, Первомайская нефтяная база, площадки фильтрации, резервуары для сточных вод и отложения, районы Аватской и Алматинской птицефабрик. Большинство источников загрязнения подземных вод это: тяжелые металлы, фенолы, нитраты, соединения фтора, брома, нефтепродукты, сосредоточенные на северо-западе Алматинской области.

Ключевые слова: подземные воды, загрязнение, качество воды, водоснабжение, питьевая вода.

УДК 908; 911.37

R.Zh. Kelinbayeva, A. K. Zhailauova
(Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: zhar80@mail.ru)

TOURISTIC POTENTIAL OF MEDIUM AND SMALL CITIES OF KARAGANDY REGION

Abstract. In the modern period medium and small cities of Kazakhstan have a lot of socio-economic problems. We think that one of the solutions fot that is looking for a touristic potential of cities. This theme is very relevant for the cities of Karagandy region, especially for single-industry towns. Directions of developming tourism in the cities of a Central Kazakhstan, based on a potential that they have, are suggested in the article to improve a quality of life in them.

Key words: tourism, medium and small cities, Central Kazakhstan, touristic potential, tourist infrastructure, single-industry towns.

Р.Ж. Келінбаева, А. К. Жайлауова
(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,
E-mail: zhar80@mail.ru)

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТА ЖӘНЕ КІШІ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

Түйіндеме. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның орта және шағын қалалары көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды бастан кешуде. Осы мәселелерді шешудің бағыттарының бірі ретінде біз қалалардың туристік әлеуетін анықтауда көреміз. Бұл мәселе әсіресе моноиндустриалды қалалар ретінде дамып келе жатқан Қарағанды облысының қалалары үшін өзекті. Мақала Орталық Қазақстан қалаларында қолда бар әлеуетке сүйене отырып, туризмді дамыту, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін жақсартудың перспективалық бағыттары ұсынылады.

Түйін сөздер: туризм, орта және кіші қалалар, Орталық Қазақстан, туристік әлеует, туристік инфрақұрылым, моноиндустриалды қалалар.

КІРІСПЕ


Қазіргі кезде елімізде тек қана бір саланың өнімін өндіру арқылы пайда тауып, күнін көріп отырған бірқатар шағын және кіші қалалар бар. Бұлардың қатарында кезінде облыс орталығы болған қалалар да кездеседі. Мәселен, Жезқазған, Арқалық секілді дәуренінде атағы айға жеткен қалалардың шаруасы өрге дөңгелемей, ширамай тұр қазір. Қайсыбір қала тұрғындары темір жолынан жол бойынан пайда тапса, енді бірі жеңіл өнеркәсіптен нәпақа көріп отыр. Десек те, бұның барлығынан шығатын қорытынды біреу-ақ – бірсала арқылы кіріс көріп отырған шағын қалалардың болашағы да бұлыңғыр. Сондықтан болар, бір кәсіпорынға тәуелді болған моноқалалардың экономикасын әртараптандыру үшін Үкімет тарапынан әзірлеген арнайы бағдарламалар қажет. Бағдарламалар шағын қалалардың әлеуметтік түйткілдерін шешуге мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының орталық аймағы нарықтық экономика жағдайында қарқынды дамуда, бірақ тау-кен металлургия салалары басым дамуда. Моноиндустриалды қалалар ретінде дамып келе жатқан шағын және орта қалалар экономиканы әртараптандырудың төмен деңгейімен, қала құрушы кәсіпорынның даму перспективасымен, жұмыспен қамтудың және моноқалалар бюджетінің қала құрушы кәсіпорынның қызметіне жоғары тәуелділігімен байланысты экономикалық проблемаларды бастан кешуде. Оның салдарынан әлеуметтік проблемалар туындайды: жұмыссыздық, төмен табыс деңгейі мен өмір сапасы, халықтың кетуі, сондай-ақ әлеуметтік шиеленістің ықтимал өсу үрдістері. Сонымен қатар, бұл негізгі қала құрушы кәсіпорындардың тоқтап қалу қатері, тау-кен өндіруші кәсіпорындардың кен базасының сарқылуы, бәсекеге қабілетсіз өнімдер, қала тұрғындарының қала құрушы кәсіпорындардан түсетін салық түсімдеріне тәуелділігінің жоғары деңгейі. [1]. Моноқалаларды дамыту жөніндегі іс-шараларға көзқарастарды олардың экономикалық әлеуетіне қарай саралау қажет, осыған байланысты қалалардың туристік әлеуетін анықтау қала экономикасын жандандыру факторы мен оның дамуының маңызды бағыты болуы мүмкін.

НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛДАУ

Қарағанды облысында барлығы 442 елді мекен бар, оның ішінде 11 қала: 100 мыңнан астам халқы бар 2 ірі қала – Қарағанды және Теміртау; 50 мыңнан 100 мыңға дейін халқы бар орташа қалалар – Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев; және 50 мыңнан кем халқы бар шағын қалалар – Қаражал, Қаркаралы, Приозерск, Саран, Шахтинск және Абай. [2]. (1 сурет)



1-сурет. Қарағанды облысының қалалары

Қарағанды облысының орта және кіші қалалары бұл аймақтың маңызды өндірістік және өнеркәсіптік әлеуеті шоғырланған аумақ болып табылады.

Жезқазған – Орталық Қазақстандағы қала, Қара-Кеңгір өзенінің бассейніндегі түсті металлургияның ірі орталығы. Қаланың Қарағандыға темір жол қатынасы бар.

Жезқазған қаласының жер қойнауының байлықтары туралы қола дәуірінде білдік. Мыс кендері түріндегі кен орындары және олардың қазбалары туралы Геродот еңбектерінде айтылады. Кең жұмыстар жүргізілді, кен шығарылды, металл балқып, мыс өнімдері жасалды. Бұған археологиялық олжалар – кенді балқытуға арналған пеш жүйесі, мыс құймалары, жебенің мыс және қола ұштықтары дәлел. Жезқазған маңайында обелискілер (менгир), тас бабалар, ежелгі құрылыстардың үйінділері кездеседі.

Жезқазған Санкт-Петербургте шығарылған" капитан Рычковтың 1771 жылы Қырғыз-Қайсақ даласына саяхатының күндізгі жазбаларында" аталады. Жезқазған ауданына жазбалар жарияланғаннан кейін қорғасын мен мыстың осы ауданындағы үлкен қоры туралы болжамдарды растайтын бірнеше экспедиция ұйымдастырылды. Алғаш рет мыс жерлері Жезқазған мыс кен орны ретінде 1847 жылы Екатеринбург өнеркәсіпшісі Н. А. Ушаков тіркеді.

Жезқазған тұйық темір жол стансасы болып табылады, бірақ 2012 жылдан бастап ұзындығы 988 км "Жезқазған – Сексеуіл – Шалқар – Бейнеу" теміржол тармағының құрылысы жүргізілуде, ол "Қытай шекарасы – Ақтау – Баку – Грузия – Түркия – Еуропа елдері" транзиттік дәлізінің бір бөлігі болуға тиіс.

The frequency of conducting thermal imaging diagnostics of contact joints and of all electrical equipment in general should not be selected from the importance of the facilities for their purpose, not from the capabilities of diagnostics by operating personnel, not from the voltage class and not from the frequency of ongoing and major repairs or other similar considerations. The only criterion that specifically determines the frequency of diagnosis should be only the time of development of the defect, and the frequency of diagnosis should be less than this time. And as practice shows, the time of development of defects of most equipment does not exceed one year. Therefore, the diagnosis should be carried out at least once a year.

As experience shows, it is more effective to conduct diagnostics twice a year: in the spring after passing the autumn-winter maximum loads and changing the operating mode of the equipment, when defects are most clearly identified and there is the possibility of eliminating them during the «repair campaign», as well as in autumn during the autumn-winter maximum loads. Diagnostics twice a year is especially necessary at such power facilities, the equipment of which operates under intensive loads during peak hours and the service life is 15 years or more. At such power facilities, developed defects were detected during diagnosis after 5 months. Each state has its own electrical standards, standards and regulations. For this reason, the electrical control procedures described in this section may differ from standard procedures in another country. In addition, in some countries of the world, authorized persons are allowed to check electrical equipment. In this regard, it must be understood that prior to any work related to electrical equipment, it is necessary to familiarize yourself in detail with the relevant regional and state electrical standards and standards [11-15].

To take a thermal imager, the subject must be in direct line of sight. When conducting a thermal imaging inspection of electrical equipment, it is important that the infrared radiation of the object under investigation is measured, which is associated with the presence of a defect and the degree of its development. Therefore, almost all measurements should be performed in the evening and at night, when the equipment is in load mode, and also (if necessary) for power transformers in idle mode. Measurements in the summer period are made no less than two hours after sunset to exclude errors from daytime heating by the sun. In some cases, it is possible to conduct thermal imaging diagnostics during the day in continuous cloud cover, since continuous cloud cover does not pass the infrared radiation of the Sun.

During the diagnosis, it is necessary to take into account the emissivity of the surface of the object being examined, as well as the angle between the axis of the thermal imaging receiver and the normal to the radiating surface of the object. Both abnormal increases and decreases in temperature are evaluated. This approach allows us to determine how defects in contact joints, induced currents flow, insulation losses and other developing insulation defects, oil leaks, blocking of cooling medium ducts, and the efficiency of cooling systems. If necessary, analysis and correlations with the results of other tests and measurements. It should be noted that when measuring objects of the same type, it is necessary to position the thermal imaging detector at the same distance and at the same angle to the optical axis to the surface of the object in order to maximally eliminate errors from extraneous radiation, the influence of distance, humidity and other factors.

LITERATURE

[1] A.I. Khalyasm et.al. Diagnostics of electrical equipment of power plants and substations: a training manual. - Yekaterinburg: Publishing House Ural, 2015. - 64 p.

[2] E.N. Topilskaya, O.V. Inzhelevskaya, N.M. Topilsky Economic aspects of thermal imaging inspection of elements of power supply systems of mining enterprises High-tech technologies for the development and use of mineral resources: international scientific and practical conference: collection of scientific articles. - Novokuznetsk: SibGIU, 2015. – P. 260–263.

[3] Yu. Vlasov Prediction of the durability of contact compounds according to thermal imaging diagnostics // Electrical Engineering. - 2003. - No. 12. - P. 273-274.

[4] Rules for the technical operation of consumer electrical installations (PTEEP), 2003.

[5] Technological regulations for heat engineering inspections, non-destructive testing and diagnostics of the technical condition of heat-generating objects using the automated non-contact thermal imaging method, VEMO 03.00.00.000 DM, 2001.

[6] Methodology for collecting and collecting information to determine the thermal characteristics of the building's external enclosing structures, VEMO 07.00.00.000 DM, 2003.

[7] Thermal imaging control during the organization of repairs of electrical equipment according to its condition, Power stations, 2000, No. 6. Yu. Method of thermal imaging non-destructive diagnostics of electrical equipment (basic provisions), VEMO.

[8] Standart Guide for Examining Electrical and Mechanical Equipment with Infrared Thermography. E 1934-99a;

[9] Change No. 2 "Scope and standards of electrical equipment tests: RD 34.45-51.300-97" - M.: SPO ORGRES, 2000.

[10] Vlasov A.B. Bringing thermal imaging control data to a single criterion // Electrician. – 2001. - No. 12. – P. 24-28.

[11] Under scientific. ed. N.N. Tikhodeeva. Guidelines for the protection of electric networks 6–1150 kV from lightning and internal overvoltages. - St. Petersburg: PEIPK, 1999. – 350 p.

[12] Guidelines for the use of limiters in electric networks 110–750 kV. - M.: Publishing House NTK. – Electroproject, 2000.

[13] Hryciuk M., Nowakowski A., Renkielska A., Multilayer thermalmodel of healty and burned skin // Proc. 2nd European Medical andBiological Engineering Conference, EMBEC´02. – Vienna, 2002. v. 3, pt. 2. – P. 1614-1617.

[14] Ruminski J., Kaczmarek M., Nowakowski A. Medical ActiveThermography – A New Image Reconstruction Method, LectureNotes in Computer Science, LNCS 2124, Springer, Berlin-Heidelberg, 2001, 274-181.

[15] Scope and standards of electrical equipment tests. RD 34.45-51.300-97, 6th ed.

Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Максутханова А.М., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С.

Термографиялық зерттеу әдістері және тепловизиялық мониторингтің тиімділігіне әсер ететін факторлар

Түйіндеме. Берілген жұмыста тепловизиялық зерттеу арқылы электр құрылғыларын дистанционды бақылау және диагностикалау әдістемесі қарастырылады. Тепловизиялық диагностика қыздыру температурасын бағалау негізіндегі зерттеу нәтижелеріне байланысты. Жүйералық электр тораптарының электр құрылғыларын зерттеу өндірістің технологиялық циклына араласусыз екі кезеңде өтеді. Электр құрылғыларының шектен тыс қызып кетуін анықтау, яғни бастапқы даму кезеңіндегі жергілікті ақауларды табу апаттық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осы бағытта жүргізілетін зерттеулер жүйе аралық электр тораптарының электр құрылғыларының экономикалық тиімділігін, сенімділігін және тұтыну қауіпсіздігін арттырады және апатты жағдайлардан болатын зиянның мөлшерін азайтады.

Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Максутханова А.М., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С.

Методы термографического исследования и факторы, влияющие на эффективность тепловизионного мониторинга

Резюме. В данной работе рассматривается методика дистанционного контроля и диагностирования электрооборудования с помощью тепловизионных обследований. Тепловизионная диагностика основана непосредственно на результатах исследования конкретного объекта электрооборудования на основе оценки температур нагрева. Обследование электрооборудования межсистемных электрических сетей проводится в два этапа без вмешательства в технологический цикл производства. Выявление и устранение избыточного нагрева электрооборудования, т.е. локального дефекта на ранней стадии его развития дает возможность избежать аварийных дефектов. Исследования, проводимые в данном направлении, способствуют повышению технико-экономических показателей электрооборудования межсистемных электрических сетей, надежности и безопасности эксплуатации и позволяет снизить ущербы от аварийных ситуаций.

ӘОЖ 637.5

Sh. Ospanova, A. Nurmukhanova, M. Masina, A. Turbekova, M. Ismailova

SAFETY OF MEAT PRODUCTS IN ACCORDANCE WITH QUALITY STANDARDS

Abstract. The paper presents the conditions for improving the quality and development of certification issues through ensuring the safety of meat products in the Republic of Kazakhstan. Due to the fact that the quality of meat depends on various factors, attention should be paid to the safety of manufactured products. In addition, meat certification centers must confirm compliance with established requirements, and testing laboratories must be equipped with the latest examples of modern equipment and technology. In accordance with these conditions, the article presents statistics on the use of high-quality, safe meat products and ways of their safe consumption.

Key words: meat products, certification, safety, quality, production.

Ш.С. Оспанова, А.З. Нурмуханова, М.Н. Масина, А.Г. Турбекова, М. Исмайлова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Республика Қазақстан)

ЕТ ӨНІМДЕРІНІҢ САПА СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ҚАУІПСІЗДІГІ

Түйіндеме. Жұмыста Қазақстан Республикасының ет өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы сертификаттау мәселелерін дамыту және сапа арттыру жағдайлары ұсынылған. Еттің сапасы әр түрлі факторларға байланысты болатындықтан одан жасалытн өнімдердің қауіпсіздігіне мән берілген жөн. Сонымен қатар ет өнімдерін сертификаттау орталықтары белгілі талаптарға сай сәйкестігін растау қажет. Сынақ лабораториялары заманауи техника мен технологияның соңғы жаңа шыққан үлгілерімен жабдықталуы тиіс. Осы жағдайларға сәйкес мақалада сала мамандарымен ұсынылатын қауіпсіздік жолдары мен сапалы, қауіпсіз ет өнімдерін пайдаланудың статистикасы келтірілген.

Түйін сөздер. Ет өнімдері, сертификаттау, қауіпсіздік, сапа, өндіріс.

Қазір ет өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар тағам өнімдерін өндіруді көбейтудің түрлері мен тәсілдерін іздестіру туралы мәселе адамзат алдында тұрған маңызды мәселенің бірі екені белгілі. Жер бетіндегі күннен күнге өсіп келе жатқан халықтын жеткілікті тағаммен қамтамасыз ету үшін, оны шығаруды жыл сайын 22,5%-ға өсіріп отыру керек. Соңғы уақыттары олардың өндірісінің жылдық орта өсімі 1%-дан аспайды. Бұл мәліметтер жыртылатын жер мен малбасы адам өсіміне қарағанда баяу өсуде. Сондықтан да да 2/3 әлемнің халқы аштыққа душар болуда . Белоктық тағамдану мәселесі, әсіресе малдан өндірілетінге қатысты, өткір болып тұр. Азықта белок затының жетіспеушілігі, мал өнімнің аздығы бала өлімнің көбеюіне әкеліп отыр. Ет өнімдерінде белоктың мөлшері көп. Адам ағзасында белок затының синтезінің қызметін алмастыру мүмкіндігінің жоқтығы, адам денсаулығын қамтамасыз ету үшін толыққанды белоктық тамақтану мәселесі пайда болады.

Мүмкіндігінше ет өнімдерінің құрамы мен сапасы халықтың физиологиялық әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес болғаны абзал.Қайта өңдеу ет және ет өнімдері салаларының сапасын арттыру мен жоғары дәрежеде тазалық сақтау қазіргі заманда маңызды болып табылады. Жоғары сапалы ет өнімдері өнеркәсібінің жандануы еліміздің нарықтағы жағдайына үлкен өзгеріс әкелетіндіктен,оны шешу жолдары мыналар болып табылады.

Ет және ет өнімдерінің сапасы мен ауыл шаруашылығына тәуелді болғандықтан, етті өңдейтін кәсіпорындарда техникалық регламентерді қатаң орнату керек,ең алдымен шұжық және тағамдық өнімдерге аса мән берген дұрыс. Сонымен қатар термоөңдеу және фарштарды дайындауда басты стандарттарға жүгініп, адамдардың өмірінің қауіпсіздігі басты міндет қазіргі уақытта ең басты жолға қойылғаны дұрыс. Ал мұндай мәселенің дамуы санитарлық және жеке гигиеналық деңгейдің жоғарылығында [1-3].

Республикада ет өндіруді арттыру жөніндеде біраз табыстарға қол жеткенмен, халықты бұл бағалы өнімге қажеттілігі әлі де болса толық қанағаттандырылмай отыр. Мұның негізгі себебібарлық шаруашылықта ет өндіру бірдей жолға қойылмаған. Фермалар мен шағын мал шаруашылықтардың мал мамандары малды өз төлі есебінен өсіру, арзан жайылым шөбін пайдалана отырып, жайып семіртуді кең көлемде қолдану, мал бордақылау және т. б. Маңызды мәселелерге әлі де болса жете мән бермей келеді.Ет өндіруді арттыруда ауыл шаруашылығы ғылымы мен озат тәжірибе жетістіктерін кеңінен қолданудың да зор маңызы бар. Республиканың ғылыми зерттеу мекемелері соңғы жылдарда мал мен құстың еттілігін арттыру жөніндеде бірсыпыра тиімді әдістерді зерттеді.Осы әдістерді енгізу белгіленген жоспарды орындауға және халықтың етке деген қажетін өтеуге мүмкіндік береді.

Жуық араға жасалған болжам бойынша Европа мен әлемдік аумақта ет өндіру мен пайдалану жыл сайын (1,0-1,5) пайызға өсіп отырады. Алайда, бұл еттің барлық түріне және барша елдерге тең дәрежеде қатынасы жоқ. Шошқа мен құс еттерін өндіру мен пайдаланды өсетінің болжайды, сонымен қатар оның сиыр етімен салыстырғанда өте шапшаң екпінмен дамитындығы көрсетіледі. Қазақстан Республикасы бойынша статистикалық көрсеткіш мал басының 1999 жылдан бастап өскендігін көрсетеді, әсіресе ұсақ мал, шошқа, жылқы мен түйелер.Ет, сүт және басқа өнімдері өндіруден мал шаруашылығы жедел қарқынмен дамыған елдерде үлкен табысқа жетіп отырғанын айта кету керек – АҚШ, Канада және Европаның бірқатар елдері. Бұл елдердегі ет комплексінің тиімділігі ұлттық нарықтың ет пен оның өнімдеріне деген қажеттілігін адам басына шаққанда жоғары пайдаланылуын, яғни жылына 100 кг және одан да көп болғанына қарамастан толық қанағат тандыруда.

Өткен ғасырдың соңына дейін Қазақстан терең дағдарыста болды. Өндірістің барлық саласындағы жалпы құлдырау барысында ең бір осал жағдайда қалған ауыл шаруашылығы болды, оның ішінде әсіресе мал шаруашылығы. Шикізат қорының қысқаруы, әсіресе оны өндірістік өндеу үшін сатып алу, нәтижесінде мал басының азаюы, оның салмағы мен өнімділігінің жоғалуы, сондай-ақ халықтық сұранымның төлемдігінің төмендігі XX ғасырдың соңғы онжылдығында ет және ет өнімдері көлемінің кенет төмендеуіне алып келді. Қазақстан Республикасындағы етті өндеуші барлық өндеу мекемелері 80-ші жылдардың соңында қуатының тұтастығы 2250 тоннадан астамды бір кезекті құрады. Оның өзінде осындай қуаттылықпен олардың көпшілігі бір кезекте 50-100 тонна шамасында болса, екі ірі мекеменде бір кезекте 200 тонна құрайды: Семей – 389, Алматы – 386. Республиканың барлық мекемелерімен 1987 жылы өндірілгені: ет – 845,4 мың тонна, шұжық өнімдері – 139,2 мың тонна, жартылай дайын өнімдер (полуфабрикаттар) – 68,2 мың тонна, ет консервілері – 288,1 миллион шартты банка . Сол кезеңдегі жұмыс жүргізген етөңдеуші мекемелердің ерекшелігі сонда, олар тек бекітілген графикта малды жеткізіп тұруға арналған нұсқау мен жоспарлылық.Осылайша ет өңдеуші мекемелер орналасуы мен маусымдық факторларға қарамастан ең жоғарғы бірыңғай дәрежеде жұмыс басты болуы. Одан басқа, берілген жағдайда, осы саладағы көптеген мекемелердің бір жағынан шығынсыз жұмыс істеуін қаптамасыз етті [4-6].

Ең ірі ет өндірушілер мен тапсырушылар Қостанай облысы –124 мың тонна немесе республикалық көлемнің 19%-ы, Алматы – 94,7 мың тонна немесе 14%, болып табылады. Осы облыстар өндірген ет көлемі оның қажеттілігін 196 мен 168%-ға сәйкес қамтып отырады, Ақмолада - 107%-ға. Пайдалану деңгейінде және өзін-өзі қамтамасыз етіп өндіруші облыстар: Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Солтүстік-Қазақстан, Онтүстік Қазақстан. Өз қажеттіліктерін ет өндірумен жаба алмайтын облыстар қатарына жататын: Қарағанды, Маңғыстау және Қызылорда. Одан басқа, ең ірі пайдаланушылар мен ет сататын тартымды нарығы бар республикалық тұрғыдағы қалалар Астана мен Алматы.

Ет өндіру, құрылымында ерекше орында сиыр еті (45%) мен шошқа еті (28%) тұр. Соңғы жылдары жалпы көлемі мен таза салмағының өсу тенденциясы сиыр етіне қарағанда шошқа етіне тән болып отыр.

Төмендегі 1 суретте Қазақстан Республикасының облыстарындағы етті тұтынуы статистикасының диаграммасы келтірілген (1 кесте).



1-сурет. Қазақстандағы облыстар бойынша санағы

1-кесте. **2011-2018 жылдардағы ҚР жан басына шаққандағы етті пайдалану статистикасы**

Атауы	Етті пайдалану, кг							
Жан басына	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
шаққанда	55,3	50,4	49,6	45,1	50,0	52,0	44,9	56,8

Соңғы жылдары мал шаруашылығы шикізатының тапшылығы пайда болғанда жылдан-жылға етті дайындау өндірісінің салмағы азайып келеді. Дамыған елдерде өндірістік дайындауға мал мен құс етінің 90% тап болады, ол дұрыс және комплексті пайдалануды, яғни сол сияқты басқада ет өнімдеріне шикізат жұмсауды, озық техника мен прогрессивті технологияны өндіруді, сапасын және өндірілген өнімнің бәсекелестігін арттыруды, оның ассортиментін кеңейтуді, еңбек өнімділігін көтеруді және дайын өнімнің өзіндік құнын түсіруді қамтамасыз етеді. Біздің елімізде осы бағытта нарықтық реформа жылдарында бәріде керісінше жүргізілді, соңғы жылдар мал шаруашылығы шикізатының 3/4

ауылшаруашылылығы өнімдірін өндірушілердің нашар технологияларында дайындалды, сондай-ақ малды қосалқы шаруашылық қасапханаларында сойяды, ол өндірістік мекеме жағдайын қиындатты, шикізат тапшылығын тудырды [7-10].

Қазіргі кезде республикада ірі және орта етдайындаушы 64 мекеме, қуаттылығы 687,6 мың тонна бір кезекте немесе 30,5% 1990 жылға қарағанда, бар. Көптеген мекемелер шикізатпен қамтамасыз ет мен айналымдық құралдарының жетіспеушілігінен толық жұмыс істей алмауда немесе тіпті тұрып қалды. Еліміздің оңтүстік және батыс аймақтарындағы мекемелер мүлдем тоқтап қалды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 4 ірі еткомбинаты тоқтап тұр, атырау мен Маңғыстау облыстарында ет дацындау өндірісі мүлде жоқ, ал Қызылорда мен Жамбыл облыстарында тек орта қуаттылықпен тек бір-бірден ғана мекеме жұмыс істеуде. Әсіресе, қатты зардап шеккен ет индустриясының алыптары – Семей, Қарағанды және Петропавл еткомбинаттары, олар жаңа экономикалық жағдайларда тиімсіз болып қалды да, нәтижесінде банкроттыққа ұшырады.

Бүгінгі күні республикада өндірілген еттің 14% ғана өндірістік өндеуден өтеді, бұл 12 есе аз 1990 жылмен салыстырғанда. Республика бойынша пайдалану қуаттылығының нақты коэффициенті 10% құрайды. Әсіресе ол ет консервілерін өндіруде – 3,3 % (37,2 мың тонна), ет пен субөнімдерді дайындауда – 4,1% (209,5 мың тонна), өте төмен жағдай шұжық өндірісінде - 15% (48,2 мың тонна) біршама жақсы. Бұндай жағдайдың басты себебі мекемелердің шикізатпен қажетті саны мен сапасына қарай қамтамасыз етілмеуі. Мәселе – үлкен территориалды қашықтықта, ұзақтығында және малқасапханалары орындарында шикізат көздерінің толықтығын төмендетті. Басқа региондар немесе шетелдерден шикізат дайындау транспорттық шығындарына байланысты пайдасыз деп саналады. Әрине, үнемі қуаттылығы пайдаланылмағандықтан негізінен ірі және орта қуатты мекемелер зардап шегеді. Малды өндірістік өңдеу деңгейінің құлдырауы мал басының қысқаруымен, ауылдық жерде меншік түрінің өзгеруімен де тікелей байланысты [11-13].

Бүгінде мал басының 85% халықтың жеке қорасында, ал қалған 15% ауыл шаруашылық мекемелері мен фермерлік шаруашылық құзырында. Бұл жағдай, республикадағы мал шаруашылығы дамуының тиімді малды өндірістік өңдеу сияқты бірқатар мәселелерді тудырды. Сондай-ақ, малдарға малдәрігерлік қызметті ұйымдастыру мен өткізудің міндеттілігін қиындатты. Малды жекелей қасапшылық жасаған жағдайда еттің, тері шикізатының сапа жоғалып, бағалы өнімнің түрлері терең өңдеуден әрі қарай жүргізілмейді, мыс қаны, эндокриндік шикізат, конфискаттары және т.б. Ет өңдеуші мекемелердің қазіргі техникалық хал-ахуалы жаңару мен реконструкцияны талап етіп отыр-олар шығынды көп шығарады және тиімсіз. Ол мекемелердің көпшілігінде 60-80-ші жылдары шығарылған жабдықтар тұр, ескірген технологиялар пайдаланылады. Жаңа заман технологияларын ендіру отандық өнімдердің ішкі және сыртқы саудада бәсекелестікке түсуіне кедергі жасады. Осыған байланысты соңғы жылдары экспорт-импорт операцияларында сәйкессіздік (диспропорция) байқалуда. Республика өндірілген ет және етөнімдерінің сапасы жалпы алғанда тиісті дәрежеде және негізінен стандартқа сәйкес.

Отандық өнімдер өзінің дәмі мен диетикалық қасиетті жағынан шетелдік өнімдерге жол бермейді, ал кейбір жағынан асып тұр. Бұл ет өнімдерінің негізінен табиғи және экологиялық таза шикізаттан өндірілуіне байланысты. Сондықтан да отандық өнімдер баға жағынан бәсеке түспейді. Соңғы жылдары етті үнемдеу және өнімнің өзіндік құнының төмендету мақсатында, кейбір шұжық өнімдері мен жартылай дайын өнімдерді шығарушылар түрлі толтырушылар мен жануар мен өсімдік белоктарынан тұратын қосындылар пайдаланып жүр.

Ет пен ет өнімдері өндірісі сферасында 386 стандарт пен техникалық жағдайлар қызмет етіп отыр, оның ішінде 137 – мемлекетаралық (ТМД), 18 – халықаралық (ИСО), 14 – ҚР стандарты, 217 – техникалық шарттар (ТШ). Қызмет етіп отрыған стандарттардың жалпы санынан 80%-дан астамы 1990 жылға дейін қабылданғандар халықаралық норма мен тарапқа сәйкес 300-ге жуық стандарт пен ТЖ қайта қарап және сәйкестендіруді қажет етіп отыр [14].

Ет өңдеуші саланың дамуына кедергі жасап отырған келесі факторлар:

- өңдеуші мекемелер жұмысын үйлестіруші мемлекеттік органдардың болмауы;

- көптеген мемлекеттердің материалды-техникалық базасының төмен деңгейі, техника мен шикі затты өңдеудегі терең комплекстің болмауы шикі зат шығаратын орындардан өңдеуші мекемелердің алыс орналасуы;

- ауылшаруашылық шикі заттың жеткілікті мөлшері мен сапа тапшылығы, шикі зат пен дайын өнімдерді сатып алатын инфрақұрылымның болмауы, тауар өндіруші мен өңдеушілер арасындағы байланыстың болмауы;

- кәсіпкерлік климаттың қолайсыздығы, отандық тауарөндірушілерді қорғаудың тиімді шараларының жетіспеушілігі;

- жоғары және орта буын білікті мамандардың тапшылығы жаңа экономикалық жағдайда жұмыс істей алатын мамандар болмауы, жұмысшы мамандарының даярланбауы;

- ауылшаруашылық шикізатын өңдеушілерді біріктіре алатын мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың болмауы немесе тиімсіздігі;

- мемлекеттік деңгейде мамандары даярлау ие қайта оқыту жолға қойылмаған.

Қазіргі жағдайда экономиканың нарықтық қатынасқа өтер кезінде өндіріс тиімділігін көтерудің, еңбек өнімділігі мен өндірілген өнімнің сапасының артуы шешуші орын алмақ. Кадр мамандарды дайындаумен Семей қаласындадағы Шәкәрім ат. Университет пен Алматы технологиялық университеті айналысады. Соңғы жылдары олар 40 маман даярлап шығарды, алайда оларды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі шешілмей отыр. Өндірістің түгелдей қысқаруымен байланысты еңбек нарығында жаңа мамандар қажеттілігі сезілмей отыр. Жеке кәсіпкерлер көбіне «өз» адамдарын жұмысқа алуға бейім келеді. Мұндай жағдай еліміздің халқын тамақтандыруды жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатқа жақын болашақта зиян келтіруі мүмкін [15].

Азық-түліктік кәсіпорындарда тек нағыз білімді мамандар жұмыс істеу қажет. Келешекте өнеркәсіп технологтары мен шебер – операторларына: қасапшылар, оның құрамды бөлшектерін өндеушілер, шұжық өнімдерін, консервілер жне т.б. өнім түрін шығарушыларға зәру болады және сұраным өседі.

Ет өндеуші кәсіпорындардың өндіруші – шаруашылық пен қаржылық қызметінде маңызды орында несие – қаржылық қатынас жүйесі орын алмақ. Қазіргі кезде банктер ет пен ет өнімдерін өңдеуші кәсіпорындарды қаржыландыру мен несиелендіруге бара бермейді, екінші деңгейдегі банктердің құзырында ет комбинаттардың тағдыры мен жұмысының тиімділігінен алған несие ұтысының көлемі мен іскерлік қарым-қатынасына қызығушылық тудыру кіреді. Берілетін несиелер қысқа мерзімді және жоғары пайызды (20-25%). Өндірістің аздаған түсімінің нәтижесінде, мұндай жағдайлар етөңдеуші кәсіпорындарға пайдасыз және тартымсыз.

Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық шикізатын өңдеуші кәсіпорындар қызметін реттейтін заңдар мен заңды актілер жеткілікті. Бірақ, сол уақытта, бар нормативті–заңдылық базалар, ауылшаруашылығының өркенді даму жағдайында, бүгінгі күн талаптарына толықтай жауап бере алмайды. Ережелер мен жекелеген актілердегі нормалар кәсіптік іскерлікке, өндіріс пен өңдеу саласындағы дем бермейді.

Осыған байланысты заңдылық-нормативтік базаны, оның ішінде салық, кедең қаржы несие саясаты теңірегінде, мемлекеттік органдар құзырындағы қарағалау мен бақылау салаларын да жетілдіруді қажет етеді. Бұл әсіресе еліміздің ӘСҰ (ВТО)-ға кіру мүмкіндігіне орай аса маңызды болуы мүмкін.

Еліміздің ет өндіру саласын дамыту үшін етөңдеуші кәсіпорындарға: жеке қаламдардан ет шикізатын сатып алғанда салық өтетін төлеу есебінен, айналым құралын орнына толтыру үшін алынған несиенің банкке пайыздық ұтысын шамалар толтыру, жабдық алу үшін өңдеуші кәсіпорындарда лизинг механизмін ендіруде, мал өнімдерін өндіруде берілетін жәрдем жүйесін жетілдіру, сауатсыз импорттан отандық тауар өндірушілерді қорғауда мемлекеттік қолдау көрсету аса қажет.

Еліміздің ет өндірісін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын құрастыру, салалық жұмысты үйлестіретін мемлекеттік органдар мен бірыңғай ақпараттық және білім беретін орталық құру қажет, олар сондай-ақ сатылған өнімнің мониторингі мен қызықты жобаларды сынақтан өткізумен айналысар еді. Отандық тауар өндірушілерді алға итермелеу саясаты, сыртқы саудаға отандық өнімді белсенді және мақсатты түрде шығару, осы саланың басымды салаларына отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар тудыру, заңдылық-нормативтік базаны жетілдіру жұмысын күшейту, шыққан өнімнің сапасын көтеру қызметтері осы саладағы өңдеуші кәсіпорындар үшін басымды болуы керек.

Қызмет етіп отырған өндірісті қалпына келтіру және жаңаларын ұйымдастыруға техникалық көмек үшін ғылыми-техникалық жетістіктерді және әлемдік тәжиірибені жинақтап, әрі таратуға жұмыс жүргізу қажет, елде жабдық шығаратын өзіміздің индустрияны құруға және технология жолдарын салуға жағдай жасау керек, менеджерлер, технологтар мен оператор-жұмысшыларды ет өңдейтін кәсіпорындар үшін дайындап шығару, әрі кәсібін жетілдіру жүйесін құру өте қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Смағұлов А.Қ. Ауыл шаруашылық өнімдерін сапасын сараптау және бақылау. – Алматы, 2005.-390с.

[2] Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Техникалық реттеу туралы: 2004 жылдың 9 қарашасында қабылданған

[3] Житенко П.В. Технология продуктов убоя животных. – М.: Колос, 1984. – 237 с.

[4] Антипова Л.В. Методы исследования мяса и мясных продуктов. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 2000. – 378 с.

[5] Стратегический план Агентства РК по производству и продаже мясных изделий на 2010-2014 годы: утв. постановлением Правительства РК от 3 марта 2010 года, № 17.

[6] ГОСТ 25011-81. Мясо и мясные продукты. Методы определения белка. - М.: Изд-во стандартов, 2001.- 7 с.

[7] Сағадиев К., Смағұлов А., Барақбаев Б., Қалиев Ә. Сертификаттау. – Алматы, 2000. – 211 с.

[8] Смагулов А., Жумабеков Е. Качество и безопасность сельскохозяйственных и пищевых продуктов. – Алматы, 2002. – 166 с.

[9] ГОСТ 8558. 1-78. Продукты мясные. Метод определения нитрата. Введ. 01.01.1980.-М.: Изд-во стандартов, 1978. - 6 с.

[10] ГОСТ 9958-81. Колбасные изделия и продукты из мяса. Методы бактериологического анализа. Введ. 31.12.1981. - М: Изд-во стандартов 1981. - 14 с.

[11] ГОСТ 9959-91. Продукты мясные. Общие условия проведения органолептической оценки. - М: Изд-во стандартов, 1992. - 11с.

[12] МемСТ 779-55. Жартылай және ширек ұшадағы сиыр еті. Техникалық шарттар.

[13] МемСТ 7595-79. Ет. Сиыр етін жеке сауда үшін бөлу

[14] Заяс Ю.Ф. Качество мясо и мясопродукта. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1981. – 300 с.

[15] Позняковский В. М. Гигиенические основы питания, качество и безопасность пищевых продуктов. - М.: Сиб. унив. изд-во, 2007. - 522 с.

Оспанова Ш.С., Нурмуханова А.З., Масина М.Н., Турбекова А.Г., Исмайлова М.

Безопасность мясных продуктов в соответствии со стандартами качества

Резюме. В работе представлены условия повышения качества и развития вопросов сертификации через обеспечение безопасности мясной продукции в Республике Казахстан. В связи с тем, что качество мяса зависит от различных факторов, следует обратить внимание на безопасность изготавливаемой продукции. Кроме того, центры сертификации мясной продукции должны подтвердить соответствие установленным требованиям, а испытательные лаборатории должны быть оснащены новейшими образцами современной техники и технологии. В соответствии с этими условиями в статье представлена статистика использования качественных, безопасных мясных продуктов и пути их безопасного потребления.

Ключевые слова: мясные продукты, сертификация, безопасность, качество, производство.

ӘОЖ 621.181/182:620.9

M. B Beisenbaev, B. T. Bahtyar, M. M Ergarin
(Almaty University of Energy and Communications,
Almaty, Kazakhstan, Ergarin.M.M@mail.ru)

METHODS OF BOILER ROOM ENERGY EFFICIENCY IMPROVEMENT

Abstract. This article presents several ways to improve the energy efficiency of the boiler and shows how many percent increases the energy efficiency of the boiler when using these methods. The ways of increasing the energy efficiency of the boiler plant by replacing atmospheric deaeration plants with vacuum ones are given. The possibilities of improving the energy efficiency of the boiler room in the utilization of heat losses are investigated.

Key words: energy efficiency, deaerator, heat supply, energy saving; low-potential heat.

М.Б. Бейсенбаев , Б.Т. Бахтияр , М. М. Ергарин
(Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан Ресубликасы)

ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ


Аңдатпа. Берілген мақалада қазандықтың энергия тиімділігін арттырудың бірнеше әдісі келтірілген және де ол әдістерді қолданғандағы қазандықтың энергия тиімділігі қанша пайызға көтерілетіні көрсетілген. Жылу шығындарын кәдеге жарату кезінде қазандықтың энергия тиімділігін арттыру мүмкіндіктері зерттелді. Атмосфералық деаэрациялық қондырғыларды вакуумдық деаэрациялық қондырғыларға ауыстыру есебінен қазандық қондырғының энергия тиімділігін арттыру тәсілдері келтірілген.

Түйінді сөздер: энергия тиімділігі, деаэратор, жылумен жабдықтау, энергия үнемдеу; төмен әлеуетті жылу.

Әлемдік қоғамдастықты дамытудың басым бағыттарының бірі қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу проблемаларын шешу болып табылады, сондықтан табиғи ресурстарды ұтымды және үнемді тұтыну мен пайдалану, сондай-ақ ресурс үнемдеу мәселелері мемлекеттердің қазіргі заманғы экономикаларын одан әрі дамыту үшін маңызды және өзекті болып табылады.

Кез келген энергияны өндіру технологиясы табиғи ресурстарды тұтынуды болжайды, сондықтан шикізатты немесе энергияны ұтымсыз пайдалану, қайта өңдеу, тасымалдау және тұтыну өндірістің экономикалық көрсеткіштерін азайтып қана қоймай, экологиялық жағдайды нашарлатып қоршаған ортаға қолайсыз әсер етеді.

Әртүрлі бағалаулар бойынша өндірілген жылу энергиясының 70% - ға жуығы жылу энергиясын өндіру мен тасымалдаудың әртүрлі кезеңдерінде жоғалады (сурет.1) және өндірілген жылу энергиясының 30% - ға жуығы ғана тұтынушыға жібіріледі. Едәуір жылу шығындары (40%) ғимараттың қабырғалық қоршаулары, терезелері және желдеткіш жүйелері арқылы болады.



1-сурет. Жалпы жылу энергиясы мен шығындардың үлес-салмағы

Сондықтан жұмыс істеп тұрған жылу өндіруші энергия көздерін жаңадан қайта жаңартуды жобалау кезінде энергия тиімділігін арттыруға ықпал ететін жаңа ресурс үнемдеуші және экологиялық технологияларға да назар аудару қажет.

Энергетикалық ресурстарды ұтымды және кешенді пайдалану қажеттілігі және оларды үнемдеу жөніндегі шешімдерді іске асыру энергия ресурстарын үнемдеудің негізгі міндеттерін іске асыратын мынадай бағыттармен айқындалады:

1. Энергия ресурстарына қажеттілікті төмендету;
2. Бір (қайта жаңартылмайтын) энергия ресурстарын басқа жаңартылатын энергия көздерімен (ЖЭК) ауыстыру);
3. Өнім өндіру кезінде энергия шығынын төмендету, яғни өндірістің энергия сыйымдылығын және тұтастай алғанда экономикасын төмендету.

Энергия үнемдеу мақсатына жету үшін басқару органдарының қызметтерін түрлі бағыттарында: өндірістік және әлеуметтік салада, экономикалық және экологиялық салада, саяси және құқықтық салаларда тиісті шараларды әзірлеуі және іске асыруы қажет. Өндірістік сала үшін негізгі мақсаттар:

- көрсетілетін қызметті ұсынатын өнімнің энергия сыйымдылығын азайту;
- кәсіпорындар шығаратын өнімнің энергетикалық тиімділігін арттыру;
- нарықты техникалық құралдармен және энергетикалық ресурстарды тұтынуды есепке алу, бақылау, өлшеу және реттеу құралдарымен жабдықтау, сондай-ақ олардың өндірісін кеңейту;
- энергия ресурстарының шығынын метрологиялық бақылау, қадағалау және статистикалық бақылау және талдау;
- кәсіпорындарда энергияның кез келген түрін пайдалану тиімділігін арттыру;
- өнімдер мен қызметтердің жаңа, энергия тиімді түрлерін өндіріске енгізу және жылжыту;
- қолданыстағы жылу генерациялайтын қондырғылар мен энергетикалық қондырғыларды арттыру.;
- инженерлік желілер мен коммуникациялардағы жылу тасығыштардың шығындарын азайту;
- тұрғын және қоғамдық ғимараттарды, құрылымдарды, құрылыстар мен инженерлік желілерді жылумен қорғауды арттыру.

Жылумен жабдықтау халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін негізгі жүйелердің бірі болып табылады, қоғамдық және тұрғын үйлерде, сондай-ақ өндірістік үй-жайларда қолайлы және жайлы жағдайлар жасауға арналған. Жылу тасымалдағыштардың қажетті параметрлері тиісті құжаттарда регламенттеледі: жылу беру магистраліндегі су температурасы 150 С құрайды, кері магистралдегі су температурасы-70 С, ЫСҚ желісінде 60-70°С [5, С. 8]. Су жылытатын қазандықтарда отынды жағу орташа алғанда 1100-1300°С температурада жүргізіледі, суды қыздыру температурасы 110-150°С. Жылу көзінің Энергия аудиті жылу шығынын анықтауға және қазандықты пайдаланудың үнемді режимін ұсынуға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда қазандықты қайта жаңарту, жабдықты неғұрлым өндірістік және үнемді етіп ауыстыру жүргізіледі. Қазандық агрегатын энергетикалық зерттеу іске қосу-реттеу жұмыстарымен және жылу баланстық сынақтармен бірге жүргізіледі; бұл ретте қазандықтың п.ә.к. тексеріледі, түтін газдарын талдау нәтижелері бойынша қазандықтардың жүктемесінің әр түрлі режимдерінде ауаның артық коэффициенті таңдалынады.

Қазандық агрегатының жұмысы кезінде, белгіленген режимдерде, жылудың негізгі шығындарының келесі түрлері бар:

- отынның жанбайтын және түтін газымен байланысты энергия шығындары;
-сәулелену әсерінен қазанның қабырғасы арқылы шығатын шығындар;
- үрлеуден энергия шығыны (сурет.2).



2-сурет. Қазандық агрегатындағы шығындарды энергетикалық талдау

Шығар газдардағы түтін газдары мен артық ауа коэффициентін талдау ауа сорғыштық және қазандық агрегатын қаптау сапасын бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді. Ауаның артық және көмірқышқыл ауасының (CO2) коэффициентінің төмен болуы жанарғылардың жұмыс режимдерін дұрыс баптауды көрсетеді. Қазандықтың артқы бөлігінің дұрыс қапталмағандығы және сыртқы ауаны сору дәрежесінің үлкен мөлшерде болуы қазандықтың П.Ә.К. төмендеуіне қосымша энергия

шығынына алып келеді. Газдардың температурасы бойынша жылу энергиясын утилизациялаудың қосымша жабдығын пайдалану мүмкіндігі бағаланады, мысалы, экономайзерлер мен ауа қыздырғыштар қазандық агрегатының П.Ә.К. арттыру үшін.

Энергоаудитті жүргізу кезінде отын құнының заңды өсуіне байланысты қазандық агрегаттарының, жылу желілерінің және жылу алмасу жабдықтарының жылу оқшауланuын жақсарту мүмкіндігін бағалау қажет.

1-кесте. **Энергия үнемдейтін және энергия тиімді іс-шаралар мысалдары және қазандық қондырғыларын пайдалану кезіндегі олардың тиімділігі**

	Іс-шаралар	Отын, %	
		Үнемдеу	Артық шығын
1	Қазандық агрегатының артынан су экономайзерін пайдалану	5-6	-
2	Ошақтағы артық ауа коэффициентін көтеру (α)	-	0,7
3	Қазандық агрегаттарының газ жолындағы ауа соруды 0,1%-ге азайту	0,5	-
4	Қазандық агрегаттарынан соң жылуды утилизациялау қондырғыларын, будың жасырын жылуын пайдалану қондырғыларын қолдану	15 дейін	-
5	Шығатын түтін газдарының температурасын 10°С-ға төмендету	0,6-0,7	-
6	Шығатын түтін құрамындағы CO_2 газдарын 1% төмендету	-	0,6
7	Әрбір 1000 м^3 отынға қазандықтың жоғарғы аймағынан ауа алу	17 кг ш.о.	-
8	Вакуумдық деаэраторды қолдану	1,0	-
9	Экономайзерде қоректік суды 6°С-ға жылыту	1,0	-
10	Қазан барабанына кіре берісте қоректік су температурасының 10°С-ға көтеру	2,0	-
11	Бу қазанының жұмысын су жылыту режиміне ауыстыру	2,0	-

Желіні қоректендіру үшін қажетті су мөлшерін өлшеу үшін, жылумен жабдықтау желісі, жоғалтатын су мөлшері және конденсаттың қайтарылу дәрежесі анықталады.

Конденсатты қайтармаудан болған экономикалық шығындар жылу энергиясын толық пайдаланбаған жылудың шығынына қарағанда үлкен мәнге ие.

Жылу беру, желдету және ыстық сумен жабдықтау жүйесінің энергия аудитін жүргізу кезінде нақты жылу тұтынуды есептеумен салыстыру қажет, оны тұтынушыға жеткізу қажет.

Қорытынды. Мақалада, қазіргі таңдағы өзекті, шешілуі керек мәселенің бірі болып табылатын қазандықтардан шығатын және пайдаланылмай қалатын энергия шығынын азайту мәселесі айтылды. Қазіргі таңдағы қазандықтарда қолданылмай қалатын немесе көптеген алдын-алу шараларын қолданбағандықтан болатын энергия шығындарын утилизациялық яғни қайта қолдану арқылы П.Ә.К. көтеру әдістері көрсетілді. Бұл мақала, болашақта атмосфераға шығатын зиянды заттарды азайтудың қажеттігі және қазандықтың энергия тиімділігін арттыру негізінде жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Васильев Г.П., Шилкин Н.В. Использование низкопотенциальной тепловой энергии земли в тепло-насосных системах.// АВОК.- 2003.-№2.с.15-21

[2] Куртова Н.А. Энергосберегающие инженерные системы в жилищном строительстве. Журнал «Оборудование Разработки Технологии». 2011, № 4-6. -С. 23-27.

[3] Лунева, С. К. Решение вопросов энергосбережения и энергоэффективности при применении тепловых насосов // Технико-технологические проблемы сервиса .2014.-№3(29)

[4] Николаев Ю. Е., Бакшеев А. Ю. Определение эффективности тепловых насосов, использующих теплоту обратной сетевой воды ТЭЦ. Промышленная энергетика. 2007, № 9. - С. 14-17.

[5] Энергосбережение в системах жизнеобеспечения зданий и сооружений/ Г.В.Лепеш. - СПб.: Изд-во СПбГЭУ,2014.-437с

[6] Байков И.Р., Смородов Е.А., Шакиров Б.М. Принципы реконструкции системы энергоснабжения населенных пунктов//Известия высших учебных заведений. Проблемы энергетики.- 2001. - №9. - С.77.

[7] Хафизов Ф.М., Сулейманов А.М., Бурдыгина Е.В. Энергосбережение при реконструкции производственной котельной с паровыми котлами//Трубопроводный транспорт-2011: в сборнике Материалы VII Международной учебно-научно-практической конференции, 2011. - С.241-243.

[8] Байков И.Р., Смородов Е.А., Смородова О.В. Оптимизация размещений энергетических объектов по критерию минимальных потерь энергии//Известия высших учебных заведений. Проблемы энергетики. -1999. - №3-4. - С.27.

[9] Трофимов А.Ю., Толчева М.В. Утилизация избыточного давления топливного газа в системе теплоснабжения//Трубопроводный транспорт-2016: в сборнике Материалы XI Международной учебно-научно-практической конференции, 2016. - С.386-387.

[10] Сулейманов А.М. Что влияет на окупаемость мини-ТЭЦ? // Трубопроводный транспорт - 2016: в сборнике Материалы XI Международной учебно-научно-практической конференции, 2016. - С.381-382.

[11] КиберЛенинка [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ povyshenie energoeffektivnosti kotelnoy putem utilizasyi teplovyh poter.

Бейсенбаев М.Б., Бахтияр Б.Т., Ергарин М. М.

Методы повышения энергоэффективности котельной

Резюме.. В данной статье приведено несколько способов повышения энергоэффективности котла и показано на сколько процентов повышается энергоэффективность котла при использовании этих методов. Приведены способы повышения энергоэффективности котельной установки за счет замены атмосферных деаэрационных установок на вакуумные. Исследованы возможности повышения энергоэффективности котельной при утилизации тепловых потерь.

Ключевые слова: энергоэффективность, деаэратор, теплоснабжение, энергосбережение; низкопотенциальная теплота.

УДК 543.421

A.A. Zheldybaeva, G.O. Bugubaeva, A.M. Batyrbaeva, K.G. Aytmuhambetova
(Almaty Technological University, Almaty, Republic of Kazakhstan.
runia_@mail.ru)

FOOD SAFETY STUDY OF BEVERAGES

Abstract. Evaluation and research methods of food safety is a pressing issue. According to the regulatory documents of our country, the quality control of food products, including non-alcoholic beverages, is carried out by analyzing the physicist-chemical indicators, microbiological contamination, radionuclides and heavy metals.

This article discusses the quantitative and qualitative method for the study of synthetic dyes in carbonated beverages. For the analysis of the content of synthetic dyes, the method of thin layer chromatography was used.

Key words: food coloring, food safety, chromatography method, soft drinks, carbonated drinks.

А.А. Жельдыбаева, Г.О. Бугубаева,
А. М. Батырбаева, Қ.Ғ. Айтмухамбетова
(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
runia_@mail.ru)

СУСЫНДАРДАҒЫ ТАҒАМДЫҚ БОЯУЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігін бағалау мен зерттеудің әдістемесі өзекті болып табылады, себебі халықаралық деңгейде нақты тесттерді жүргізу бойынша нұсқауларды әзірлеу әрекеті жасалмаған. Еліміздегі нормативті құжатқа сай тағам өнімдерін, соның ішінде алкогольсіз сусындарды бақылау физика-химиялық көрсеткіштері, микробиологиялық ластануы, ауыр металдар мен радионуклидтердің мөлшері бойынша жүргізіледі.

Берілген мақалада газдалған сусындардағы синтетикалық бояғыштарды сандық және сапалық анықтау әдісі қарастырылды. Синтетикалық бояғыштардың барын талдау үшін әдетте жұқа қабатты хроматография әдісі қолданылды.

Кілттік сөздер: тағамдық бояу, тағам қауіпсіздігі, хроматография әдісі, алкогольсіз сусындар, газдалған сусындар.

Қазіргі таңда қоршаған орта жағдайы нашарлауына байланысты, адам организімін дәстүрлі азық-түлік өнімдерінің оптимальды қажетті қоректі заттар мөлшерімен қамтамасыз ету өте қиын. Сондықтан адам организміне пайдалы медико-биологиялық әсер ететін арнайы азық-түлік өнімдерін өндіруді

мақсат ету ұсынылуда. Бұл мәселенің шешімі технологиялық азық-түлік өнімдердің бірі – сусындар. 90-шы жылдары әлем бойынша тағамдық биологиялық активті қоспалар кең ауқымды дами бастады. Оларға тағамдық талшықтарды тасымалдағыштар, дәрумендер, минералды заттар, микроэлементтер және пробиотиктер жатады. Сусындардың функциональды категорияларына дәрумендi және минеральды қоспалар қосылған шырындар.

Функционалды тамақтану өнімдері дәріге жатпайды, ең дұрысы профилактикалық құрал, ауруларды алдын ала ескертуге және организімнің қартаюын тежеуге көмек беретін құрал. Функциональды сусындарды жалпы және арнайы қолдану топтарына бөлуге болады. Жалпы қолданыстағы сусындар құрамына байланысты келесі топтарға бөлінеді: шырынды, өсімдіктекті және жануартекті дәрілік шикізат негізінде, құрамдастыру арқылы дайындалған және құнарландырылған сусындар. Құнарландырылған сусындар құрамы жеке микронутриеттер, арнайы жинақталып тендестірілген микронутриенннер қоспасы, биологиялық активті қоспалардың дәрілік және басқада шикізаттар концентраттарынан тұрады. Құнарландырылған сусындарға шырындар, дәрілік өсімдіктер экстрактілері және тұнбалары, сүт сарысулары және басқа шикізаттары қосымша қосылуы мүмкін. Арнайы қолданыстағы функционалды сусындарға спортсмендерге арналған сусындарды, ээнергетикалық, диетикалық, балаларға арналған және басқа шырындар жатады [1].

Сусындар-ертеден сусындарды екі топқа бөлген: (алкогольсіз) салқындатқыш, сусынды қандырғыш немесе алкогольді. Ғылыми және аспаздық-тағамдық түрде құндылығы бірдей емес. Ең құндысы бауыр, ми, тіл, бүйрек, жүрек, сиыр желіні, сиыр етінің сүйекті құйрығы болып саналады. Олардың құрамында темір, фосфор тұздары, витаминдер мен белоктар көп. Тіл мен бауыр жоғары дәмдік қасиетке ие. Олар бірінші категорияға жатады. сусындар суытылған және мұздатылған түрде түседі. Мұздатылған өнімдерді, негізінен, ауада жібітеді. Суда миды, бүйректі, қарынды жібітуге болады. Ары карай өңдеуге дайындалған бас пен сирақтың жүнін тазалайды. Басты суық суға салып қояды, терісін тазалайды, шайып, етін терісімен бірге кесіп алады. Сирақтарын тазалайды, тұяқтарын қағып, жуады, ұзынынан екі бөлікке бөледі де суық суға 2—3 сағ-қа салып қояды. Миды қан ұйытындысынан арылып жеңіл алынуы үшін және үлдірдің ісінуі үшін суық суға 1 — 2 сағ-қа салып қояды. Үлдірді 1 миды судан шығармай тұрып алып тастайды. Бауырын өт жолдарынан және қан тамырларынан айырып үлдірін түсіріп, тез жуып алады. Бүйректерденмайын алып тастайды. Ол үшін бір жағынан ұзынынан кеседі де, үлдірін маймен бірге сыпырып алады. Содан соң өзіндік иісін жою үшін бүйректерді 3— 4 сағ-қа суық суға салып қояды. Суды 2—3 рет ауыстырған жөн. Тілді суық сумен жуады. Қарын- ның ішкі жағын сыргқа қарай айналдырып жуады да 8—12 сағ- қа суық суға салып қояды. Содан соң шырышты қабатын жою үшін оны жидітеді, ұйыған шырышты тазалайды да жуады. Пісіру алдында қарынды орама түрінде орап, сусындардың мынадай тобы бар [2].

Алкогольсіз сусын - жалпы минералдануы 1,0 г/дм, этил спиртінің мөлшерлік үлесі 0,5%, ал спирті бар шикізаттан жасалған сусындар үшін спирт мөлшері 0,5% көп емес, ауызсу немесе минералды суды пайдаланып жасалатын дайын сусын. Бұл сусындар тәттілендірілген, қышқылдандырылған, газдалған олуы мүмкін, оның құрамында жеміс және оның шырыны немесе өсімдіктекті шикізат, сондай ақ сүт өнімдері немесе балл өнімдері, тағамдық қоспалар және биологиялық активті қоспалар және т.б. Қазақстан Республикасында қабылданған нормативті құқықтық актілерде [1] немесе техникалық регламентте көрсетілген рұқсат етілген ингредиенттер қосылуы мүмкін [2], [3].

Синтетикалық бояғыштарды табиғи бояғыштармен салыстырғанда маңызды технологиялық ерекшеліктерге ие. Олар ашық, жақсы түс береді, суда жақсы ериді, өзара жеңіл араласады және әртүрлі өндірістің технологиялық факторларына сезімталдығы төмен, жарамдылық мерзімі ұзағырақ болады. Сол үшін синтетикалық бояғыштар тағам өндірісінде кең қолданыс тапты. Қазақстанда 60-қа жуық бояғыштар қолдануға рұқсат етілген. Олардан дайындалған препараттар 80-85 % негізгі бояуды құрайды [3].

Органикалық синтетикалық тағамдық бояулар органикалық бояғыш заттардың келесі топтарынан, яғни, азобояғыштар, пиразолонды, трифенилметанды, антрахинонды, индигоидты, ксантагендік, хинолинды және полициклді топтардан тұратын қоспадан тұрады. Олардың барлығы химиялық жолмен алынған, олардың арасында қауіптісі жоқ. Адам ағзасы күнделікті мынадай химиялық ингредиенттермен тоғысады, ағза оларды қорыта алмайды, және ағза сіңіріп, шығара да алмайды. Ол асқазан-ішек жолдарының, асқазанасты безінің, бауыр, жүректің ауруларын тудырады. Канцерогендік және мутагендік әсердің пайда болу қауіпі артады. Сондықтан тағамдағы кез-келген синтетикалық бояулар мөлшерінің рұқсат етілген деңгейін максималды заңды түрде реттеуді бақылау

адам ағзасына зиянды әсерін азайту бойынша профилактикалық шара болып табылады. Бояулардың адамға қауіптілігін бағалау үшін соңғы кездердегі 3-ші және 4-ші қауіптілік кластарына өте улы көрсеткіштеріне сай жатқызуға болады. Мұның бәрі бояулардың тәуліктік рұқсат етілген мөлшерін нақтылауға қажеттілікті туындатады, ол рұқсат етілген деңгейдің өзгеруіне әкеледі. Бұл кезде адам ағзасына мөлшері шектеулі бояулары бар бірнеше тағам өнімдерінің біруақытта түсу мүмкіндігін ескеру қажет. Тағам өнімдерінде бірнеше синтетикалық бояғыштардың болуы кезінде олардың жинақ мөлшері бұл бояғыштардың минималды нормативтен аспауы қажет [4].

Бақылау талдау кезінде бояғыштар кондитерлік өнімдер мен алкогольсіз сусындардан жиі табылады, сондықтан максималды рұқсат етілген шекті негіздеу бірінші орында осы өнімдер үшін қажет [3, 4]. Алайда газдалған сусынды бояғышсыз өндіру өте күрделі, себебі арнайы технология бойынша дәстүрлі қанттан алынатын бояғыш – колер – «алмұрт-алма» сусындарында қолданылатын ашық сарыдан қою қоңырға дейін аздаған түс гаммасын береді.

Күрделі композицияларды синтетикалық бояғыштарды пайдаланбай жасау мүмкін емес және қолдану кезінде олардың гигиеналық регламентациясы қажет. Алкогольсіз сусындардағы бояғыштардың ұсынылатын мөлшерлемесі Санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар (СЭГТ) келтірілген және сары түстілер мен сарғылт түстілер үшін 15-30 г/т және көк пен қызыл 10-15 г/т құрайды [4].

Берілген жұмыста газдалған сусындардағы синтетикалық бояғыштарды сандық және сапалық анықтау әдісі қарастырылды. Синтетикалық бояғыштардың барын талдау үшін әдетте жұқа қабатты хроматография әдісі қолданылады, ол бір мезетте 16 бояғышты сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік береді. Тәжірибедегі қозғалмайтын фаза ретінде «силика-гель СТХ-1ВЭ» пластиналары, ал қозғалатын фаза ретінде - «н-бутанол – этанол – су» 60:60:150 қатынасында пайдаланылды. Зерттелетін заттар ретінде Алматы қаласының сауда орындарында таралған «Фанта» және «Кола» газдалған сусындары алынды.

Хроматографиялық талдау арқылы зерттеуге таңдалып алынған газдалған сусындардағы бояғыштардың бары дәлелденді. «Фанта-Апельсин» сусынында тартразин Е102 бояғышы (сарғыш жолақ) және сары «Күн шығыс» Е110 (сары түс жолағы) анықталды.

«Фанта - жеміс-жидекті коктейль» сусынында келесідей бояғыштар: бірнеше елдерде тыйым салынған дерматит тудыратын сары хинолин (Е104), Австрия, Норвегия және Швецияда тыйым салынған тағамдық аллерген болып табылатын азорубин (Е122) және астма ұстамасын қоздыратын, канцероген болып табылатын понсо 4R (Е124) бар екені дәлелденді. «Кока-Кола» сусынында азорубин (Е122) бояғышының сигналы анықталды.

Сорбенттің жұқа қабатты бетінде жүрілген Х арақышықтықтың ертіндінің стартан бастап фронт сызығына дейін жүріп өткен L=10 см арақашықтығына қатынасымен есептелген R_f таралу коэффициентінің мәні 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. **Синтетикалық бояғыштар үшін R_f мәні**

Сусын атауы	Синтетикалық бояғыш атауы	Индекс	Rf шамасы
«Фанта-Апельсин»	Тартразин	Е102	0,45±0,03
«Фанта-Жеміс-жидекті коктейль»	Сары «Күн батысы»	Е110	0,65±0,05
	Сары хинолинді	Е104	0,75±0,04
	Азорубин	Е122	0,60±0,05
	Понсо 4R	Е124	0,40±0,05
Кока-Кола	Қантты колер	Е122	0,60±0,04

Таңдалып алынған элюирлеуші жүйеге сәйкес R_f мәні сусындарда синтетикалық бояғыштардың бар екенін растайды.

– многообразием горно-геологических условий эксплуатации;

– нестационарностью положения многих машин в процессе эксплуатации, что обуславливает подвижность рабочих мест обслуживающего персонала и необходимость подвода энергии к движущимся объектам;

– вредными воздействиями внешней среды на рабочих и оборудование, проявляющимися в виде: стесненности во многих случаях рабочего пространства; опасности завалов рабочего пространства, взрывов газа и пыли, внезапных выбросов газа, угля и породы;

– работой в комплексе с другими машинами, что обуславливает необходимость увязки их параметров;

– сложностью выполнения работ, связанных с техническим обслуживанием и ремонтом.

Совокупность этих факторов значительно увеличивает требования к надежности, долговечности и безопасности работы машин и механизмов. Таким образом, машиностроение для горной отрасли включает в себя производство широкой номенклатуры деталей механизмов и машин, что определяется не только диверсификацией горных машин, но и различными горно-геологическим условиями их эксплуатации.

2. Методы получения покрытий высокого качества

По данным исследований КузНИУИ (г. Кемерово, Россия) механизированных крепей в различных условиях, было установлено, что одной из основных причин простоев являются отказы гидрооборудования крепи из-за потери герметичности, при этом из этих отказов 31% приходится на гидростойки, а 23% – на другие силовые гидродомкраты. В структуре отказов из-за потери герметичности гидростоек 58% отказов происходит из-за коррозии штоков и износа зеркала цилиндров, 28% – из-за износа уплотнений и 14% – из-за раздутия рабочих цилиндров [5]. Таким образом, для повышения коррозионной стойкости деталей механизмов и машин горно-шахтного оборудования целесообразно повысить надежность поверхностного слоя, что значительно увеличит эксплуатационные характеристики деталей, работающих в экстремальных условиях. Этого можно добиться, совершенствуя различные технологии нанесения износостойких покрытий.

Для улучшения физико-механических характеристик поверхности различных деталей с целью уменьшения их стоимости и повышения срока службы на машиностроительных предприятиях Карагандинской области применяются методы химико-термической обработки. Для производства деталей элементов гидравлики используется Сталь 35. На заводах КЛМЗ ТОО «Корпорация Казахмыс», ТОО «Карагандинский машиностроительный консорциум», ТОО «КарГорМаш-М» для упрочнения и повышения коррозионной стойкости деталей, изготовленных из Стали 35, применяются методы гальванического хромирования и цинкования, однако, они не дают должного повышения коррозионной и износостойкости.

Электрохимические методы нанесения металлических покрытий основаны на электролизе. Металлические защитные слои в этом случае осаждаются на поверхности изделия, которое в электролизере представляет собой катод и находится под отрицательным потенциалом. Покрытие должно иметь мелкокристаллическую структуру и быть сплошным - без пор и трещин. Разработаны определенные режимы осаждения, обеспечивающие эти качества покрытий (температура, плотность тока и состав электролита). Для получения мелкозернистой структуры в состав электролита вводят

поверхностно-активные вещества, препятствующие росту отдельных кристаллических зерен (декстрин, ализариновое масло и т. д.).

Плазменные методы химико-термической обработки являются наиболее эффективными при нанесении защитных покрытий на изделия и получения диффузионных слоев [6-7]. Данные методы, по сравнению с традиционными, такими как газовая диффузионная обработка (цементация, азотирование, силицирование и др.) или электродуговая металлизации и плазменная наплавка, имеют более высокие технологические и энергетические характеристики. Например, ионное азотирование по сравнению с газовым позволяет сократить время обработки в 10 раз, снизить расход технологического газа в 15-20 раз и увеличить глубину диффузионного слоя на 50%. Ионно-плазменные методы нанесения покрытий позволяют получать высокую прочность сцепления покрытия с основой, повысить его плотность и равномерность, а также снизить пористость.

К основным методам ионно-плазменной обработки следует отнести:

– ионно-лучевые и вакуумно-дуговые методы осаждения покрытий;

– ионно-плазменные методы диффузионной обработки в тлеющем разряде;

– ионно-плазменные методы диффузионной обработки в несамостоятельном разряде.

В качестве технологии упрочнения поверхностных слоев стальных изделий, существенно повышающей их надежность и долговечность, выбрано ионно-плазменное напыление.

Ионно-плазменное напыление – разновидность катодного способа нанесения материала на поверхность изделия. Процесс производится путем бомбардировки подложки ионами плазменного вещества газовым разрядом.

Одна из ключевых проблем, которые следует решить при создании нанокомпозиционных ионно-плазменных покрытий, - генерация многокомпонентных потоков, осаждаемых на подложку.

Хотя способы получения наноструктурных материалов и покрытий довольно разнообразны [8], но все они основаны на механизме интенсивной диссипации энергии, обобщенной в трех стадиях формирования. На первой стадии идет процесс зародышеобразования, который из-за отсутствия соответствующих термодинамических условий, не переходит в массовую кристаллизацию. Вторая стадия представляет собой формирование вокруг нанокристаллических зародышей аморфных кластеров, которые - на третьей стадии – объединяются в межкристаллитную фазу с образованием диссипативной структуры.

И хотя наличие такого термодинамически метастабильного состояния сильно затрудняет моделирование структурно-фазового состояния конденсатов, однако открывает совершенно новые возможности по получению материалов с уникальными функциональными свойствами. Микроструктуру однофазных пленок качественно хорошо можно описать с помощью моделей, предложенных Мовчаном и Демчишиным, Торнтоном.

Однако эти модели сильно изменяются, если в пленку добавить легирующую примесь. Примеси останавливают рост зерна и стимулируют зародышеобразование. Это явление приводит, как правило, к формированию глобулярной структуры.

Для получения многоэлементного состава ионно-плазменных покрытий применяют многокомпонентные композиционные катоды с широким диапазоном качественного и количественного состава.

С целью получения покрытий высокого качества к катодному материалу предъявляются следующие требования: оптимальный элементный состав, однородность структуры и необходимый уровень прочности.

3. Исследование многофазных катодов

В настоящей работе приведены результаты исследования композиционных катодов, полученных методом индукционного плавления [9]. Количественный анализ элементного состава композиционных катодов проводился на электронном микроскопе JEOL JSM–5910. На рисунках 1–2 в качестве примера приведены характеристические рентгеновские энергодисперсионные спектры элементных составляющих композиционных катодов.




Рис. 1. РФЭС композиционных катодов состава Zn–Cu–Al




Рис. 2. РФЭС композиционных катодов состава Cr–Zn–Si-Cu–Fe–Al

Путем математической обработки энергодисперсионных спектров по специальной программе PHI-RHO-Z [10-12] были определены концентрации элементов. Концентрации элементов определены с использованием аналитических сигналов AlK_α, SiK_α, CrK_α, MnZnK_α, FeK_α, CuK_α, имеющих максимальные интенсивности. Результаты анализа приведены в таблице 1.

Таблица 1. **Результаты стехиометрии компонентов**

Соединения	Химическая формула по данным анализа
Zn–Cu–Al	$ZnCu_{1,34}Al_{39,6}$
Cr–Zn–Si–Cu–Fe–Al	$Cr\ Zn_{4,3}Si_{4,6}Cu_{5,3}Fe_{18,4}Al_{67,9}$
Zn–Al	$ZnAl_{65,45}$
Zn–Cu–Al	$ZnCu_{1,10}Al_{38,69}$
Mn–Fe–Cu–Al	$MnFe_{10,07}Cu_{17,37}Al_{47,19}$
Al–Fe–Ti	$AlFe_{43,04}Ti_{19,4}$
Al–Fe	$AlFe_{90,56}$

Многокомпонентные системы при кристаллизации образуют обычно мелкие кристаллики, связанные между собой аморфными прослойками. Кристаллики могут состоять из одного или нескольких компонентов. В других случаях кристаллики могут иметь одинаковый состав и строение. В частности, двухкомпонентный расплав из А и В при кристаллизации может выделять или кристаллики одного компонента А или В, или же кристаллики, содержащие оба компонента А и В [13].

Микроструктура композиционных катодов, полученная на электронном микроскопе JEOL JSM–5910, работающем в режиме вторичной электронной эмиссии, показана на рисунках 3–8.

В изотропной сплошной среде дислокация полностью описывается ее вектором Бюргерса. Все дислокации, вектор Бюргерса которых параллелен их оси, являются винтовыми. Другой тип дислокаций, называемых краевыми дислокациями, возникает, когда направление относительного смещения двух частей кристалла (вектор Бюргерса) перпендикулярно краю разреза.




Рис. 3. Микроструктура сложного катода состава Zn–Cu–Al




Рис. 4. Микроструктура сложного катода состава Cr–Zn–Si–Cu–Fe–Al




Рис. 5. Микроструктура сложного катода состава Zn–Cu–Al




Рис. 6. Микроструктура сложного катода состава Mn–Fe–Cu–Al




Рис. 7. Микроструктура сложного катода состава Al–Fe




Рис. 8. Микроструктура сложного катода состава Al–Fe–Ti

Помимо этих предельных случаев, возможна любая промежуточная ориентация. Дислокации, полностью лежащие в одной плоскости со своим вектором Бюргерса, часто называют скользящими , в то время как дислокационные петли, которые не лежат в плоскости с их векторами Бюргерса, называют призматическими дислокациями, потому что их поверхность скольжения имеет фору призмы. При чистом скольжении дислокация не может покинуть свою плоскость скольжения, а призматическая дислокация – свою поверхность скольжения, за исключением случая чисто винтовой дислокации. В этом случае ось дислокации и вектор Бюргерса параллельны, и нельзя определить плоскость скольжения. Поэтому винтовая дислокация в принципе может перемещаться параллельно самой себе в любом направлении.

На рисунках 3–6 отчетливо видны линии скольжения. Механизм их возникновения состоит в следующем: в местах выхода движущихся дислокаций на свободной поверхности кристалла остается поверхностная ступенька, по которой происходит перемещение дислокаций шириной в один вектор Бюргерса. Поверхностная ступенька, образованная единичной дислокацией неразличима, однако путь целой группы дислокаций может быть виден с помощью оптического или электронного микроскопа.

Из рисунков 3–6 видно, что в композиционных катодах возникают более широкие и более ярко выраженные линии скольжения, чем в чистой меди. Ярко выраженная линия скольжения соответствует, очевидно, не полосе скольжения, а скорее одной большой ступеньке, возникающей при скольжении по одной атомной плоскости. Плотность дислокаций в отожженных образцах составляет ~10^6 $см^{-2}$ и соответствует плотности дислокаций в достаточно совершенных монокристаллах чистой меди. В процессе легкого скольжения плотность дислокаций возрастает до ~10^8 $см^{-2}$. В первичных плоскостях скольжения дислокации располагаются отдельными группами, состоящими примерно из 20 дислокаций одного знака.

Дислокации, наблюдаемые в композиционных катодах, несколько отличаются по виду от дислокаций в чистых металлах. Вместо объемных трехмерных сплетений дислокаций преобладает плоскостное их распределение. Одной из причин такого изменения дислокационной структуры в результате легирования является, по-видимому, повышенное сопротивление поперечному скольжению.

Кроме того, в неоднородных твердых растворах прохождение первых дислокаций ослабляет межатомные связи и облегчает последующее прохождение дислокаций по тому же пути.

Дислокации в композиционных катодах (рисунки 3–6) расщеплены на частичные. Частичные дислокации ограничивают дефект упаковки, ширина которого пропорциональна поверхностной энергии дефекта упаковки.

Как правило, легирование металла ведет к уменьшению поверхностной энергии и способности дислокаций к поперечному скольжению, и тем значительнее, чем большую валентность имеет легирующий элемент.

На рисунках 7–8 отчетливо видна субзеренная структура, включающая в себя дисперсные частицы как средних размеров (0,1–1) мкм, так и крупные включения (5–50 мкм). Первые существенно замедляют рекристаллизацию и рост зерен. Вторые из-за своих больших размеров порождают проблемы совместимости их свойств со свойствами матрицы, вследствие чего в окрестности включения возникают сильные градиенты напряжений. Наличие крупных включений приводит к неравномерному испарению композиционного катода, снижающего качество покрытий. Из приведенных выше экспериментальных данных следует, что прежде чем использовать катод для ионно-плазменной обработки материала, необходимо исследовать его микроструктуру и убедиться, что данный катод представляет собой твердый раствор.

Одна из ключевых проблем, которые следует решить при создании нанокомпозиционных ионно-плазменных покрытий – генерация многокомпонентных потоков, осаждаемых на подложку. Основная идея настоящей работы заключается в следующем: для генерации многокомпонентных потоков ионов различных металлов, осаждаемых на подложку, мы используем многофазный композиционный катод на одной пушке вакуумной установки и однофазный катод из титана на другой пушке. В процессе одновременного распыления различных катодов ионы металлов перемешиваются в плазме, и после осаждения формируют покрытие.

Такой подход является «вынужденным», поскольку получение многофазных композиционных катодов с заданным числом компонент представляет собой сложную задачу, связанную с получением многокомпонентных сплавов, термодинамические свойства компонентов которых могут значительно различаться.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Галиев С.Ж., Юсупова Л.И., Жумабекова С.А., Кошкарбаева И.С. Стимулирование процессов глубокого технического перевооружения и модернизации горно-металлургического производства Казахстана // Форум машиностроителей Казахстана. – Астана, 2013.

[2] Квагинидзе В.С., Козовой Г.И., Чакветадзе Ф.А. и др. Металлоконструкции горных машин. Конструкция, эксплуатация, расчет. – М.: Изд-во Горная книга, 2011. – 392 с.

[3] Czaplicki J.M. Mining Equipment and Systems: theory and Practice of Exploitation and Reliability. – London: CRC Press Taylor and Francis Group, 2010. – 279 p.

[4] Александров Б.А., Кожухов Л.Ф., Антонов Ю.А. и др. Горные машины и оборудование подземных разработок. – Кемерово: Изд-во ГУ КузГТУ, 2006. – 114 с.

[5] Буялич К.Г. Оценка параметров герметичности гидростоек механизированных крепей: автореф. канд. техн. наук: 05.05.06. – Кемерово: КузГТУ, 2012. – 19 с.

[6] Михайлов А.Н., Михайлов В.А., Михайлова Е.А. Ионно-плазменные вакуумные покрытия – основа широкого повышения качества изделий машиностроения // Прогрессивные технологии и системы машиностроения: междунар. сб. науч. трудов. – Донецк: ДонНТУ, 2004. – Вып. 28. – С. 108–115.

[7] Берлин Е.В., Двинин С., Шейдман Л.А. Вакуумная технология и оборудование для нанесения и травления тонких пленок. – М.: Техносфера, 2007. – 472 с.

[8] Псахье С.Г., Зольников К.П., Коноваленко И.С. Синтез и свойства нанокристаллических и субструктурных материалов. – Томск: Изд-во Томского ун-та, 2007. – 264 с.

[9] Гученко С.А., Ибраев Н.Х., Афанасьев Д.А. Композиционные катоды для ионно-плазменных покрытий // Вестник КарГУ. Серия «Физика». – 2009. – № 4 (56). – С. 41–47.

[10] Юров В.М., Платонова Е.С., Юдакова В.А. Микроструктура и свойства жаростойких многослойных покрытий // Вестник КазНИТУ. – 2019. – № 1. – С. 566–571.

[11] Платонова Е.С., Юдакова В.А. Исследование жаростойкости покрытий // Инновации в информационных технологиях, машиностроении и актотранспорте: Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Кемерово, 2017. – С. 390–392.

[12] Платонова Е.С., Сыздыкова А.Ш. и др. Коррозионностойкие многоэлементные покрытия научно-технический // Новости науки Казахстана. – 2018. – № 4. – С. 154–165.

[13] Гученко С.А., Сыздыкова А.Ш. и др. Температура плавления и рекристаллизации плазменных покрытий // Вестник КазНИТУ. – 2018. – № 3. – С. 286–293.

Юров В.М., Платонова Е.С., Юдакова В.А., Тулегенова Ш.Н.

Иондық-плазмалық бүрку үшін композициондық катодтардың микроқұрылымын зерттеу

Түйіндеме. Жұмыста индукциондық балқыту әдісімен алынған иондық-плазмалық бүрку үшін катодтар микроқұрылымын зерттеу нәтижелері ұсынылған. Тот баусуға қарсы және бекемдеуіш жабындар жүргізу үшін көп элеметті және көп фазалы катодтардың құрамдары игерілді. Катодтар құрамына кіретін элементтер концентрациясын анықтау мен стехиометриялық компоненттердің есебі PHI-RHO-Z бағдарламасын пайдаланумен жүргізілді.

Түйінді сөздер: тау-кен – шахталық құрал-жабдығы, тозуға төзімді жабындар композициондық катодтар, микроқұрылым, дислокациялар, иондық-плазмалық өңдеу

ӘОЖ 004.04

N.Zh. Duisenov, M.Zh. Koshkinbayeva, S.S. Saidirassulov
(SKSU named after M.Auezov, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: dgnurzak@mail.ru, koshkinbaeva.m@miras.edu.kz)

DEVELOPMENT OF APPLICATIONS ON THE PLATFORM .NET FRAMEWORK

Abstract. Over the last 10-15 years, a lot of technology and techniques have appeared in the field of programming, which at times simplifies the work of the program developer. One of them is the .Net Framework. This platform is a common language runtime environment and suitable for all programming languages. But, defaultly in the package Visual Studio includes such languages as C ++, C #, Visual Basic, etc. The main advantage of this platform is that programmers who know the languages of Visual Basic and C ++ have common library. That is, the library is general; the syntax of languages is different. Another advantage that the .Net Framework has is the decrease in the size of the program and the resolution of problems in the operation of the software. Recently, this platform by default is included in the distribution of the Windows operating system (starting with Windows 7) and Microsoft regularly supports it.

Key words: Software product, platform, compilation, debugging, library, module, data types, programming environment

Н.Ж. Дуйсенов, М.Ж Кошкинбаева, С.С. Сайдирасулов
(М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан, Шымкент қаласы
dgnurzak@mail.ru, koshkinbaeva.m@miras.edu.kz)

NET FRAMEWORK ПЛАТФОРМАСЫНДА ҚОСЫМШАЛАР ҚҰРУ

Аннотация. Ғылым-техника, байланыс және сонымен қатар ақпараттық технологиялардың қарқын дамуына байланысты информатика саласының даму бағыттары кең өріс алды. Атап айтар болсақ, бүгінгі күнде елімізде компьютерлік технологияларды мемлекеттік халыққа қызмет көрсету орталықтарында, есеп-қисап бөлімдерінде, ғылыми зертханалар мен ғылыми институттарда, білім беру мен денсаулық сақтау саласында, әскери сала, тұрмыстық өнім өндіретін өнеркәсіпте және басқа да көптеген салаларда компьютерлік технологиялар, арнайы бағдарламалық қамтамалар, арнайы қондырғылар және байланыс жүйелері қолданылуда [1,2].

Ел аумағында өндірілген өнімдердің, көрсетілген қызметтердің сапасы жоғары, бағасы арзан болуы үшін, сонымен қатар ел экономикасының бәсекеге төтеп беруі үшін мекемелер мен кәсіпорындарда заманауи құралдар, қондырғылар, компьютерлер мен программалық өнімдер қолданылуы тиіс [7].

Сапалы өнім мен қызметтердің маңызды факторларының бірі – бұл сапалы программалық өнімдер болып табылады. Бүгінгі таңда жүздеген бағдарламалау тілдері мен орталары адамзаттың программалық өнімдерге деген қажеттіліктерін қамтамасыз етуде қолданылады. Бағдарламалық жасақтама жасауда Apple, Microsoft, Oracle, Borland, Embarcadero сияқты фирмалардың ұсынған бағдарламалау орталары әлемдік көшбасшы болып келеді. Программисттер мен пайдаланушылар шешілетін мәселенің мән-жайына байланысты, қойылатын техникалық тапсырмалар мен күтілетін нәтижелерге сүйене отырып қажетті бағдарламалау құралын таңдайды [9,11].

Ал, бұл мақалада Microsoft .Net Framework платформасының құрылымы, механизмі және қолданылуы туралы жазылған.

Кілттік сөздер: Программалық өнім, платформа, компиляция, отладка, кітапхана, модуль, берілгендің типтері, өңдеу ортасы.

Кіріспе. 1964 жылы жарыққа шыққан қарапайым Basic тілі, арадан 6 жыл өтіп, 1970 жылы Никлаус Вирттің Pascal тілі және 1972 жылы Bell зертханасында алғашқы нұсқасы дайындалған C/C++ тілдері бүгінгі таңда ең танымал, кең таралған және кең қолданылатын тілдер болып саналады. Бұл тілдердің әртүрлі мүмкіндіктері кеңейтілген, интерфейстері дамытылған нұсқалары Turbo, Microsoft, Borland, Embarcadero фирмалары тарапынан жасалынып келеді. Мысалы, Basic тілінің бірнеше нұсқасы бар: Turbo Basic, Quick Basic, GW Basic, Small Basic [3,4,6].

1980 жылдары объектіге-бағытталған бағдарламалау (ОББ) әдіснамасының пайда болуы және 1990 жылдары визуальды программалау методологиясының ендірілуіне визуальды бағдарламалау орталары пайда бола бастады. Бұған 1981 жылдары MS DOS сияқты консольдық интерфейсті операциялық жүйелердің орнына Windows 1.0 сияқты графикалық қабықшаларды қолдайтын операциялық жүйелердің пайда болуы басты себеп болды. Графикалық операциялық жүйелерге компонеттік технологиялар (COM) негізінде программалауға мүмкіншілік туғызатын тіл қажет болды және 1991 жылы қарапайым Basic тілінің визуалды интерфейсті Visual Basic 1.0 нұсқасы жарыққа шықты [8,12,13].

Кейіннен бұл орта дамытылып, 1993 жылы оның Visual Basic 4.0 нұсқасы даярланды. Дегенмен, 4-нұсқаның да бір қатар кемшіліктері болды. Мысалы, динамикалық кітапханалармен жұмыс жасай алмауы, ActivX компоненттерін жеткілікті деңгейде қолданылмауы және т.б. Бірақ, 1997 жылы жарық көрген Visual Basic 5.0 және 1998 жылы жетілдірілген Visual Basic 6.0 нұсқалары Windows – қосымшаларын құруға толығымен жауап берді. Visual Basic – тің бұл нұсқалары модульдік бағдарламалау, кластармен жұмыс жасау, динамикалық кітапханаларды қолдану, жаңа компоненттер құру, офистік қосымшалармен өзара бірлесіп жұмыс жасау, интернетке арналған қосымшалар даярлау мүмкіндіктеріне ие болды [13,14,15].


Microsoft корпорациясы тек қана Visual Basic ортасын ғана емес, сонымен бірге Microsoft Visual C++, J++, InterDev, FoxPro орталарына да көп көңіл аударып, бұл тілдердің барлығын бір пакетке, яғни Visual Studio пакетіне ендірді. Visual Studio ортасының 6-нұсқасынан кейін бір пакеттің ішінде бес түрлі бағдарламалау тілін ұсыну Microsoft корпорациясы үшін кейбір ыңғайсыздықтар туғызды. Мысал, ресурстық файлдардың көлемінің бес есе артуы, кітапханалар мен сөздіктердің бес есе ұлғаюы, компиляциядан соң қосымшаның көлемінің тым артуы, әртүрлі операциялық жүйелерде дистрибутивті файлды тарату мүмкіндігінің шектелуі және т.б. Бұл - проблеманың шешімін Microsoft корпорациясы 2001 жылы ойлап тапты. Ол - .Net Framework платформасы [5,16].

Негізгі бөлім. Microsoft өнімдерінің қазіргі ұрпақтарының атаулары корпорацияның заманауи коммуникативтік мінездерін бейнелейтін .Net қосымшасымен жазылады (Мысалы, Paint.Net). .Net Framework платформасы осы тұрғыда нақты мәселелердің шешім ұсынады. Бұл платформа коммуникацияның ашық стандарттарын пайдалануға, компоненттік технологияның қолдануға және дайындалған модульдердің өзге де орталарда қайта қолданылуына мүмкіндік ашады. Жаңа модуль, класс, объекті және кітапхана құру, оны экспорттау және басқа бағдарламалау орталарында қолдану, мүмкіндіктерін кеңейту - .Net Framework платформасының ажырамас сипаттарының бірі. Бұл технологияда XML – желіде хабарламаларды алмасу тілі маңызды рөль ойнайды [1,2,4].

Visual Studio .Net - өңдеу ортасы уақытпен тексерілген, қазіргі заманның ең қуатты программалау орталарының бірі болып табылады. Бұл кәдімгі Visual Studio ортасының жетінші нұсқасы болып саналады және мұнда екі маңызды идея алға қойылған:

- әртүрлі бағдарламалау тілдері үшін ашықтық;
- бағдарлама құрылымының жаңашыл тәсілмен құрастырылуы.

Программалау ортасының ашық болғанының бір артықшылығы, Visual Studio.Net ортасы дәстүрлі Visual C++.Net, Visual C#.Net, J#.Net, Visual Basic.Net тілдерінен басқа да бағдарламалау тілдері өздерінің компиляторларын біріктіруге болады. Мысалы, Fortran және Cobol, RPG және Component Pascal, Oberon және Small Talk тілдерін ортаға ендіруге болады. Дегенмен, Visual Studio.Net ортасы әртүрлі бағдарламалау тілдеріне толыққанды ашық қол жетімділік берілмейді, яғни әрбір тілдің мүмкіншілігі белгілі бір регламенттер бойынша шектеледі. Мұнда барлық бағдарламалау тілі .Net Framework біртұтас каркасын пайдалануы тиіс [2,8,1].



Сурет 1. Microsoft Visual Studio 2010 визуальды бағдарламалау ортасы


Жалпы айтқанда, Visual Studio программалау ортасы программист пен қолданушыға келесідей мүмкіндіктер береді:

- Бір кітапхана, бір компонент, бір модуль немесе бір классты әртүрлі бағдарламалау тілінде қолдану мүмкіндігі. Бұл бірінші кезекте әртүрлі тілде программа жазатын бағдарламашылардың бірігіп жұмыс істеуіне жол ашады. Екіншіден, бір тілде жазылған кодты басқа тілде ешбір қиындықсыз қолдануға мүмкіндік туғызады;

- Windows операциялық жүйесінінің 7-нұсқасынан бастап операциялық жүйенің құрамында .Net Framework платформасы ендіріле бастады. Бұл фактор құрастырылатын программаның көлемнің тікелей азаюына және дайын программалық өнімдерді Интернет желісі немесе сыртқы тасымалдауыш арқылы таратылуын жеңілдетеді. Себебі, әрбір операциялық жүйеде .Net Framework платформасы автоматты түрде бар болғандықтан, дистрибутив файлы тек қана программа коды және ресурстық файлдан тұрады (яғни, бүкіл кітапхананы тасылмалдау қажет болмайды);

- Visual Studio программалау ортасы әртүрлі тілде бағдарлама жазуға мүмкіндік береді және әрбір тілдік өзіндік синтаксисін сақтауға мүмкіндік береді (1-кестені қараңыз). Тек компиляция кезінде нәтижелілік код арнайы бір форматқа келтіріледі [2-7,10].



Төмендегі 2-суреттен .Net Framework платформасы негізде құрастырылған бағдарламалардың құрылымының логикалық схемасын көруге болады. Мұнда программаның көлемі кітапханалардың тасылмалданбауына байланысты азаюын байқау қиын емес.



Сурет 2. а) Дәстүрлі қосымшалардың құрамы;
б) .Net Framework каркасымен құрылған қосымшалардың құрамы.

Visual Studio программалау ортасындағы тілдік баръерді салыстырып көру үшін Visual Basic.Net және Visual C#.Net тілдерінде экранға хабарлама шығаратын қарапайым қосымша құрастырамыз. Төмендегі 1-кестеге назар аударыңыз. Форма және ондағы батырманың қасиеттері бірдей, алынған нәтижелер бір-бірінен еш ауытқымайды. Тек қана программалық кодта айтарлықтай емес өзгешелік байқалады. Екі тілде де мәтіндік хабарламаны экранға стандартты сұхбаттық терезеде шығару үшін Message класының Show әдісі пайдаланылған. Кодтар өте ұқсас болғанымен тілдердің синтаксисі сақталғанын байқаймыз.

Кесте 1. **Visual Basic.Net және Visual C#.Net тілдерін салыстыру**

Visual Basic.Net	Visual C#.Net
	

Private Sub Button1_Click(ByVal sender As System.Object, ByVal e As System.EventArgs) Handles Button1.Click
 	
MessageBox.Show("Hello World!!!")
 	
End Sub
	private void button1_Click(object sender, EventArgs e)
	{
	
	MessageBox.Show("Hello world!!!");
	
	}

Қорытынды. Visual Studio.Net визуальды программалау ортасының алғашқы нұсқасы 2001 жылы жарық көріп, бірте-бірте оның 2005, 2008, 2010, 2012, 2013, 2015 және 2017 жылдары Express, Professional, Enterprise, Ultimate, Community сияқты жаңа нұсқалары Microsoft корпорациясы тарапынан ұсынылды. Бүгінгі таңда Visual Studio.Net бағдарламалау ортасы тек қана Windows-қосымшалар емес, Google Android және Apple iOS платформалары үшін де мобильді қосымшаларды құрастыруға мүмкіндік бере алатын қуатты орталардың бірі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Виктор Зиборов. Visual C# 2012 на примерах. СПб.: БХВ-Петербург, 2013.-480 с.ил.:

[2] Уоллес Вонг. Visual Basic.Net для «Чайников». М.: «Вильямс», 2002. -336 с ил.:

[3] Glenn, Johnson MCTS Self–Paced Training Kit (Exam 70–562) – Microsoft .NET Framework 3.5–ASP.NET Application Development / Glenn Johnson. - Москва: Машиностроение, 2009. - 123 с.

[4] Jim, Wightman MCTS Self–Paced Training Kit (Exam 70–561) Microsoft .NET Framework 3.5–ADO.NET Application Development / Jim Wightman. - Москва: Огни, 2009. - 528 с.

[5] Matthew, Stoecker MCTS Self–Paced Training Kit (Exam 70–505) Microsoft .NET Framework 3.5–Windows Forms Application Development / Matthew Stoecker. - Москва: Мир, 2009. - 816 с.

[6] Microsoft .NET Framework Application Development Foundation: Exam 70–536. - M.: John Wiley and Sons, Ltd, 2011. - 574 с.

[7] Microsoft Microsoft .Net Framework 1.1 Class Library Reference V 1–4 System / Microsoft. - Москва: Машиностроение, 2003. - 315 с.

[8] Northrup MCTS Self-Paced Training Kit (Exam 70-515): Web Applications Development with Microsoft® .NET Framework 4 / Northrup. - Москва: Гостехиздат, 2011. - 519 с.

[9] Stoecker MCTS Self-Paced Training Kit (Exam 70-511): Windows® Application Development with Microsoft® .NET Framework 4 / Stoecker. - Москва: СПб. [и др.] : Питер, 2011. - 750 с.

[10] Tony, Northrup MCPD 70 – 518 Exam Ref: Designing and Developing Windows Applications Using Microsoft. NET Framework 4 / Tony Northrup, Matthew A. Stoecker. - M.: O'Reilly Media, 2011. - 336 с.

[11] Tony, Northrup MCPD 70 – 519 Exam Ref: Designing and Developing Web Applications Using Microsoft. NET Framework 4 / Tony Northrup. - M.: O'Reilly Media, 2011. - 304 с.

[12] Tony, Northrup MCTS Exam 70–515: Web Applications Development with Microsoft .Net: Framework 4 (+ CD-ROM) / Tony Northrup, Mike Snell. - M.: Microsoft Press, 2010. - 255 с.

[13] https://support.microsoft.com/ru-kz/help/3186612/the-net-framework-4-7-developer-pack-and-language-packs

[14] https://ru.wikipedia.org/wiki/.NET_Framework

[15] https://www.microsoft.com/ru-RU/download/details.aspx?id=48130

[16] http://net-framework.ru/article

Дуйсенов Н.Ж., Кошкинбаева М.Ж., Сайдирасулов С.С.

Разработка приложений на платформе .Net Framework

Резюме. В статье рассмотрены основные преимущества платформы .Net Framework и среды программирования Visual Studio.Net, а также приведены краткие истории развития данной среды.

Ключевые слова: Программный продукт, платформа, компиляция, отладка, библиотека, модуль, типы данных, среда программирования.

Duisenov N.Zh, Koshkinbayeva M.Zh., Saidirassulov S.S.

Development of applications on the platform .Net Framework

Summary The article discusses the main advantages of the .Net Framework and Visual Studio.Net programming environment, as well as brief history of the development of this environment.

Keywords: Software product, platform, compilation, debugging, library, module, data types, programming environment.

ӘОЖ 004.04

N.Zh Duisenov, M.Zh. Koshkinbayeva, A.S. Muratov, S.S. Saidirassulov
(Miras University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: dgnurzak@mail.ru, koshkinbaeva.m@miras.edu.kz)

BASICS OF DEVELOPING MOBILE APPLICATIONS IN THE ANDROID STUDIO ENVIRONMENT

Abstract. This article explores the new features of Pascal. When writing the article, the authors paid attention to the implementation of the OOP mechanism in this language.

Modern programming languages support different application development mechanisms. Such extensions include technologies OLE, COM, CORBA, DDE and so on. There are a number of programming languages, such as Java, C ++, Python, Ruby, C #, which makes it possible to use these mechanisms. To date, despite the simplicity of the language Pascal has some modern mechanisms and extensions, and also has new functionality that opens up advanced capabilities for programmers. For example, the following tools are implemented in Pascal: object-oriented programming tools, operations overload mechanisms, support for the user's graphical interface, exception handling facilities, etc.

This programming language is still used in narrowly specialized areas and is supported. One of the latest version of the language is called Pascal ABC.Net and works on the basis of the Microsoft .Net Framework, which greatly expands the functionality of the language.

Key words: Programming, Mobile Device Programming, Android OS, Java Programming Language, XML Language, Android Studio IDE, Gradle, Class, Activity, Manifest, Android Virtual Devices, Android Package Kit.

Н.Ж. Дуйсенов, М.Ж. Кошкинбаева, А.С. Муратов, С.С. Сайдирасулов
(Мирас Университеті, Қазақстан, Шымкент қаласы
dgnurzak@mail.ru, koshkinbaeva.m@miras.edu.kz)

ANDROID STUDIO ОРТАСЫНДА МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Бағдарламалаушылардың негізгі атқаратын қызметі – бұл компьютерлік бағдарламаларды құрастыру болып табылады. Дегенмен, бүгінгі таңда бағдарламалау кең ауқымды, көп салалы мамандықтардың біріне айналды. Сол себепті бағдарламалау саласы да бірнеше классқа жіктеледі: жүйелік бағдарламалау, қолданбалы бағдарламалау, web-бағдарламалау және т.б. Ал, берілген мақала мобильді қосымшаларды бағдарламалау негіздеріне кіріспе ретінде ұсынылып отыр. Мақалада Android Studio ортасының функционалдық мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері қарастырылады [1,2].

Кілттік сөздер: Бағдарламалау, Мобильді құрылғыларды бағдарламалау, Android операциялық жүйесі, Java программалау тілі, XML тілі, Android Studio IDE, Gradle, Class, Activity, Manifest, Android Virtual Devices, Android Package Kit.

Кіріспе. Android – бұл мобильді құрылғыларға арналған операциялық жүйе. Оны АҚШ-тың Google компаниясы жасап шығарған. Аталмыш операциялық жүйе Linux операциялық жүйесінің ықшамдалған, өзгертілген нұсқасы болып, ол сенсорлық дисплейі бар мобильді құрылғылар, планшеттер және смарт-сағаттарға арналған. Бүгінгі таңда Android операциялық жүйесі цифрлық теледидарлар мен цифрлық камераларға да ендірілуде.

Android – тың алғашқы нұсқасы (1.0-нұсқасы) 2009 жылы жарыққа шықты және ол тек қана мобильді телефондарға арналған еді. Алғашқы кезде бұл операциялық жүйе және оны қолдайтын мобильді құрылғылар нарықта Nokia компаниясының өнімдеріне қарағанда онша жоғары сұранысқа ие болмады. Сәйкесінше, мобильді қосымшаларды бағдарламалау саласы да енді дамып келе жатқан еді. Дегенмен, Google компаниясы Android операциялық жүйесін бар күшін салып жетілдіре бастады. 2011 жылы бұл операциялық жүйенің планшеттерге арналған нұсқасы да пайда болды. 2012 жылы Android 4.0 нұсқасы жасалынып, қолданушылар арасында үлкен сұранысқа ие болды. Дәл осы кезден бастап Android операциялық жүйесінің бағдарламалаушылары арта бастады.

Бүгінгі таңда Android 8.0 нұсқасы заманауи қалта құрылғыларына орнатылып жатқан танымал операциялық жүйелердің бірі. Қазір көптеген тұтынушылар мобильді қосымшалар арқылы сауда-саттық, медицина, ойын-сауық, байланыс қызметтерін пайдаланады. Осындай мобильді қосымшалар жасау үшін Google компаниясы Android Studio деп аталатын интегралданған құрастыру ортасын ұсынады. [3-6].

Негізгі бөлім. Android Studio – ның алғашқы нұсқасы 2013 жылы 16 мамырда ұсынылған. Бұл орта JetBrain фирмасының IntelliJ IDE ортасының негізінде жасалған. Ресми бағдарламалау тілі болып Java, C++ және Kotlin (2017 жылдан бастап) тілдері бекітілген. Қазірғы кезде Android Studio 3.0 нұсқасы Android – бағдарламалаушылар арасында кең қолданыс тапқан. Бағдарламалау ортасы оптималды жұмыс жасау үшін бір қатар жүйелік және бағдарламалық талаптар қояды. Мысалы, Windows операциялық жүйесіне арналған нұсқасы келесі талаптар орындалуын алға қояды: жедел есте сақтау жадысының көлемі кем дегенде 3Гб, жадыдағы бос орын 2Гб, экранның өлшемі 1280x900. Android Studio – ның соңғы нұсқаларының бірі (3.4-нұсқасы) 2019 жылы 17-сәуірде шығарылды [1,7-8].

Android қосымшаларды құрастыру үшін алдымен Android операциялық жүйесінің архитектурасын, жұмыс істеу принципін жақсы біліп алу шарт. Android операциялық жүйесі негізгі бес қабаттан (компоненттен) тұрады:

- Linux Kernel (ядро қабаты, ең төменгі қабат);
- Libraries (динамикалық кітапханалар қабаты);
- Android Runtime (Dalvik Virtual Machine);
- Application Framework (қосымшаларды басқару қабаты);
- Applications (қолданушылардың қосымшалары)

Android операциялық жүйесінде әрбір қосымшаның өзі бірнеше компонеттен тұруы мүмкін. Олар келесілер:


- Activities (формалар);
- Services (қызметтер);

- Content Providers (контент провайдерлері);
- Broadcast Receivers (хабар таратылымдарын қабылдағыштар).

Android – қосымшаларды құрастыру үшін алдымен келесі бағдарламалық жасақтамаларды орнату керек:

1. Java Development Kit JDK
http://www.oracle.com/technetwork/java/javase/downloads/index.html
2. Java Runtime Environment
3. Android Software Development Kit SDK
https://developer.android.com/studio/archive.html
3.1 SDK Platforms and SDK Tools
3.2 Android Virtual Device (AVD)

Android Studio ортасы іске қосылған сәттен бастап жұмыс барысында бағдарламалаушыға көмек көрсетіп отырады. Әрбір жаңа жоба «Start a new Android Studio project» командасынан басталады. Кезекпе – кезек ашылған сұхбаттық терезелер бағдарламалаушыға жобаның типін, қосымшаның интерфейсін, көзделген операциялық жүйенің нұсқасын таңдау, сонымен қатар жобаға қажетті компоненттік файлдарды біріктіру сықты амалдарды автоматты түрде орындайды. «Empty Activity» типті жобаның алғаш рет ашылған кездегі көрінісі 1-суретте келтірілген.



Сурет 1. Бос активити жобасының көрінісі

Android Studio интегралданған құрастыру ортасын шартты түрде жеті бөлікке бөлуге болады:
- бас мәзір қатары;
- саймандар тақтасы;
- жоба құрылымы (проводник);
- компоненттер палитрасы;
- компоненттер панелі;
- интерфейс макеті;
- қасиеттер панелі.

Android Studio ортасын да бағдарламалауда келесі нәрселерге мән беру керек:
- экрандық интерфейстерді Activity деп атайды;
- әрбір Activity екі элементтен тұрады: Class және Layout;
- әрбір Activity іске қосылуы үшін Manifest файлында тіркелуі шарт.

Әрбір терезе Layout (макет) деп аталады және оның контенті XML тілі арқылы жазылады, ал сол терезенің классы (яғни функциясы) Java тілінде жазылады. Бағдарламаны іске қосып, тексеру үшін мобильді телефон қажет немесе Android Virtual Devices утилитасын пайдалануға да болады. Мысалы, бір батырмасы мен бір бетбелгісі (надпись) бар терезенің коды келесідей болады:

А) Layout файлының құрамы:

```
<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>
<android.support.constraint.ConstraintLayout
xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
    xmlns:app="http://schemas.android.com/apk/res-auto"
    xmlns:tools="http://schemas.android.com/tools"
    android:layout_width="match_parent"
    android:layout_height="match_parent"
    tools:context="ru.saidxon.www.dars1.mainform1_in_java">
    <TextView
        android:layout_width="wrap_content"
        android:layout_height="wrap_content"
        android:text="Hello World!"
        app:layout_constraintBottom_toBottomOf="parent"
        app:layout_constraintLeft_toLeftOf="parent"
        app:layout_constraintRight_toRightOf="parent"
        app:layout_constraintTop_toTopOf="parent" />
    <Button
        android:id="@+id/btnClose"
        android:layout_width="wrap_content"
        android:layout_height="wrap_content"
        android:layout_marginBottom="20dp"
        android:layout_marginRight="20dp"
        android:paddingLeft="50dp"
        android:paddingRight="50dp"
        android:text="Exit"
        app:layout_constraintBottom_toBottomOf="parent"
        app:layout_constraintRight_toRightOf="parent" />
</android.support.constraint.ConstraintLayout>
```


Б) Class файлының құрамы:

```
import android.app.Activity;
import android.os.Bundle;
import android.view.View;
import android.widget.Button;
public class mainform1_in_java extends Activity implements View.OnClickListener  {
    Button btnClose;
    @Override
    protected void onCreate(Bundle savedInstanceState) {
        super.onCreate(savedInstanceState);
        setContentView(R.layout.mainform1_in_xml);
        btnClose=(Button) findViewById(R.id.btnClose);
        btnClose.setOnClickListener(this);
    }
    @Override
    public void onClick(View view) {
        switch (view.getId())
        {
            case R.id.btnClose:
                finish();
                break;
        }
    }
}
```

В) Manifest файлының құрамы:

```
<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>
```

```
<manifest xmlns:android="http://schemas.android.com/apk/res/android"
    package="ru.saidxon.www.dars1">
    <application
        android:allowBackup="true"
        android:icon="@mipmap/ic_launcher"
        android:label="@string/app_name"
        android:roundIcon="@mipmap/ic_launcher_round"
        android:supportsRtl="true"
        android:theme="@style/AppTheme">
        <activity android:name=".mainform1_in_java">
            <intent-filter>
                <action android:name="android.intent.action.MAIN" />
                <category android:name="android.intent.category.LAUNCHER" />
            </intent-filter>
        </activity>
    </application>
</manifest>
```



Сурет 2. Ең қарапайым қосымшаның көрінісі

Бағдарлама жасалынып біткеннен кейін оны Android Package Kit утилитасының көмегімен *.apk кеңейтілімді файлға айналдырып алынады. Дайын бағдарламалық өнімдер Google Play Market арқылы қолданушыларға жеткізіледі.

Қорытынды. Қорыта келе, бұл мақала Android қосымшалар құрастыру негіздеріне кіріспе ретінде жазылды. Мақалада келтірілген гиперсілтемелерді пайдаланып, бағдарламалауға қажетті бағдарламаларды жүктеп алуға болады. Android Studio – бұл деректер қорын, графиканы, мультимедианы, GPS, Bluetooth секілді технологияларын қолданып кез-келген типті мобильді қосымшалар жасауға толық мүмкіншіліктер беретін қуатты орта болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] П.Дейтел, Х.Дейтел, Э.Дейтел, М.Моргано. Android для программистов: создаём приложения. — СПб.: Питер, 2013. — 560 с.: ил.

[2] Донн Фелкер. Android: разработка приложений для чайников. пер. с англ. — М. : ООО “И.Д. Вильямс”, 2012. — 336 с.: ил. — Парал. тит. англ.

[3] Сатия Коматинени, Дэйв Маклин. Android 4 для профессионалов. Создание приложений для планшетных компьютеров и смартфонов. пер. с англ. — М. : ООО “И.Д. Вильямс”, 2012. — 880 с.: ил. — Парал. тит. англ.

[4] Зигард Медникс, Лайрд Дорнин, Блейк Мик, Масуми Накамура. Программирование под Android. 2-е изд. — СПб.: Питер, 2013. — 560 с.: ил. — (Серия «Бестселлеры O’Reilly»).

[5] Donn Felker. Android Application Development For Dummies 2nd Edition

[6] Ахо А., Сети Р., Ульман Дж. Компиляторы: принципы, технологии и инструменты.: Пер. с англ. - М.: Издательский дом «Вильямс», 2001, 768 с.

[7] Э.Гамма, Р. Хелм, Р. Джонсон, Дж. Влиссидес. Приемы объектно-ориентированного проектирования (паттерны проектирования). Питер, 2001, 368 с.

[8] Роберт Седжвик. Фундаментальные алгоритмы на C++. Части 1-4. М., Диасофт, 2002. 496 с.

[9] Java JDK орнат үшін oracle.com веб-сайтына сілтеме: http://www.oracle.com/technetwork/java/javase/downloads/index.html

[10] Android Studio орнат үшін android.com веб-сайтына сілтеме: https://developer.android.com/studio/archive.html

Дуйсенов Н.Ж., Кошкинбаева М.Ж., Муратов А.С., Сайдирасулов С.С.

Основы разработки мобильных приложений в среде Android Studio

Резюме. В статье приведены основные понятия мобильного программирование по операционной системе Android в среде Android Studio.

Ключевые слова*:* Программирование, Программирование мобильных устройств, Операционная система Android, Язык программирования Java, Язык XML, Android Studio IDE, Gradle, Class, Activity, Manifest, Android Virtual Devices, Android Package Kit.

ӘОЖ 004.9:519.8(075.8)

[1] E.A. Nysanov, [1] S. D. Kurakbayeva, [1] G.S Karataev, [2] K.O. Baktibaev

([1]South Kazakhstan State university named M.Auezov, Shymkent, Kazakhstan,
[2]«Syrdarya» university, Turkestan region, Kazakhstan. E-mail: sevam@ mail.ru)

COMPUTER MODELING AND CALCULATION OF OSCILLATORY SYSTEMS

Abstract: The article discusses the modeling and calculation methods of linear and nonlinear oscillatory systems in the environment of computer mathematics Mathcad. There are many linear systems and devices that generate oscillations close to a sine wave. These are the strings of musical instruments, the pendulums of the clock, the LCR vibrational circuit in an electrical system, the vibration of molecules, etc. All these devices and systems with small amplitudes of oscillations are characterized by a linear differential equation of the second order. The non-linear nature of the system can be completely different. An analysis is made of nonlinear systems characterized by non-linear differential equations of the second order of Van- der-Pol and Duffing. The problem of modeling the Lorentz attractor described by a system of three differential equations is solved. A complete and comprehensive analysis of oscillatory systems in various fields is impossible without modern computer technologies and modeling methods. Therefore, the analysis of oscillatory systems using the environment of computer mathematics is one of the urgent tasks. Widely used computer graphics for illustrative purposes.

Keywords: Mathcad, modeling, oscillatory system, autonomous system, Van-der-Pol equation, Duffing equation, Lorentz attractor, phase portrait.

[1]Е. А. Нысанов, [1]С.Ж. Куракбаева, [1]Г.С. Каратаев, [2]К.О. Бактибаев

([1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан,
[2]«Сырдарья» университеті, Түркістан облысы, Қазақстан. E-mail: sevam@ mail.ru)


ТЕРБЕЛМЕЛІ ЖҮЙЕЛЕРДІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ

Түйін. Мақалада Mathcad компьютерлік математика жүйесінде сызықты және сызықты емес тербелмелі жүйелерді модельдеу мен есептеу әдістері қарастырылған. Синусоидалыға жақын тербелістерді тудыратын көптеген сызықтық жүйелер мен құрылғылар бар. Бұл музыкалық аспаптардың шегі, сағаттардың маятниктері,

электрлік жүйедегі LCR - тербелмелі контур, заттың тербелмелі молекуласы және т.б. Кіші тербеліс амплитудасы бар осы құрылғылар мен жүйелердің бәрі екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеумен сипатталады. Жүйенің сызықты емес табиғаты өте өзгеше болуы мүмкін. Ван-дер-Поль және Дафинг екінші ретті сызықты емес дифференциалдық теңдеулері арқылы сипатталатын сызықты емес жүйелерге талдау жасалған. Үш дифференциалдық теңдеулер жүйесімен берілген Лоренц аттракторын модельдеу мәселесі шешілген. Түрлі салалардағы тербелмелі жүйелерді толыққанды және жан-жақты талдау заманауи компьютерлік технологиялар мен модельдеу әдістерінсіз мүмкін емес. Сондықтан компьютерлік математика жүйесін қолданып тербелмелі жүйелерді талдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көрнекілік үшін компьютерлік графика кеңінен пайдаланылған.


Кілттік сөздер: Mathcad, модельдеу, тербелмелі жүйе, автономды жүйе, Ван-дер-Поль теңдеуі, Дафинг теңдеуі, Лоренц аттракторы, фазалық портрет.

Синусоидалыға жақын тербелістерді тудыратын көптеген сызықтық жүйелер мен құрылғылар бар – олар белгілілердің ішіндегі ең қарапайымы. Бұл музыкалық аспаптардың шегі, сағаттардың маятниктері, электрлік жүйедегі LCR - тербелмелі контур, заттың тербелмелі молекуласы және т.б. [1-4] Кіші тербеліс амплитудасы бар осы құрылғылар мен жүйелердің бәрі екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеумен сипатталуы мүмкін, оның түрі 1-суретте келтірілген. Бұл теңдеудің типтік шешімдері сол жерде Mathcad жүйесіндегі [5-13] Given блогы мен Odesolve функциясы көмегімен анықталған. Сызықты жүйенің сипаты a - өшу параметріне қатты байланысты. Оның теріс мәндерінде тербелістер амплитудасы экспоненциалдық заңға сәйкес артады, ал $a = 0$ болғанда, өшпейтін синусоидалы тербелістер жасалады. Алайда, бұл процесс тұрақсыз - a-ның сол немесе оң жаққа сәл өзгеруі тербелістердің өсуіне немесе олардың өшуіне алып келеді. a-ның үлкен мәндерінде (теориялық тұрғыдан $a > 0.25$) жүйеде өтпелі процесс апериодты болып табылады. Барлық осы жағдайларды аналитикалық талдауға болады, бірақ Odesolve функциясын пайдаланудың сандық әдісі әлдеқайда қарапайым және көрнекі.




1-сурет. Сызықтық тербеліс жүйелерін сипаттайтын екінші реттік дифференциалдық теңдеуді шешу

Екінші ретті сызықты емес тербеліс жүйесін қарастырамыз. Жүйенің сызықты емес табиғаты өте өзгеше болуы мүмкін [14-16]. Ван-дер-Поль екінші ретті сызықты емес дифференциалдық теңдеуі арқылы сипатталатын сызықты емес жүйелерді талдау классикалық есеп болып табылады. 2-суретте мұндай теңдеуді $\mu = 0{,}5$ параметрімен шешетін Mathcad жүйесінің құжаты көрсетілген. Бұл параметр $x(t)$ және $dx(t)/dt$ үшін бастапқы шарттар секілді шешімнің сипатын анықтайды. μ-дің оң мәндерінде тербеліс жүйеде өседі, бірақ олардың амплитудасы жүйе сызықсыз болуына байланысты шектелген болады, ал пішіні синусоидадан біраз өзгеше болып көрінеді. Шешім Odesolve функциясы арқылы анықталады. Екінші ретті дифференциалдық теңдеуді бірінші ретті екі теңдеуге бөлуге болады. Тербелістерді сыртқы әсерсіз туындататын жүйелер автономды жүйелер деп аталады. Ван-дер-Поль класының жүйелерінен басқа, оларға туннельді диодтағы тербеліс генераторы мен синусоидалы және релаксациялық тербелістер автогенераторы, атап айтқанда электрондық лампалар мен далалық транзисторларда орындалған көптеген автогенераторлар жатады.



2-сурет. Ван-дер-Поль теңдеуінің шешімі.

Сыртқы әсері бар екінші ретті автономды емес сызықсыз жүйелердің сипаты өте күрделі болуы мүмкін. Осыған сыртқы әсері бар сызықты емес резонаторларда, мысалы, лазерлік резонаторларда процестерді сипаттайтын Дафинг жүйесінің мысалында көз жеткізуге болады. Мұндай жүйеде процестерді сандық модельдеу 3-суретте берілген.




3-сурет. Дафинг теңдеуінің шешімі

Екінші ретті Дафингтің дифференциалдық теңдеуінің сол жақ бөлігінде қосымша кубтық мүшесі бар, ал оң жақ бөлігі сыртқы косинусоидалы әсерді сипаттайды [17,18]. Бұл жүйенің тербеліс түрі ішкі тербелістерді сыртқы тербелістерге салуға байланысты өте күрделі, және де тербеліс жиілігі қатты ерекшеленеді. Нәтижесінде, тербелістің автосинхронизациясы мезгіл-мезгіл пайда болуы мүмкін, бірақ жүйенің сызықсыздығы мен өзіндік тербелістердің амплитудасының өзгеруіне байланысты синхронизацияның сәтсіздігі байқалады, одан кейін жүйе параметрлерінде күрт және өте ретсіз өзгерістер болады. Дегенмен, жүйенің фазалық портреті тербелістердің төменгі жиіліктік компонентіне сәйкес келетін екі фокусқа ие болады. Бұл фокустар тербелістің ең ықтимал түрлерін статистикалық бағалауға сәйкес келеді.

